(20Х2Н4А)	0,16÷0,22	0,9÷0,6	1,25÷1,65	3,25÷3,65	-
<i>Хромды марганецті никельді болат</i>					
15ХГН2ТА	0,13÷0,18	0,7÷1,0	0,7÷1,0	1,4÷1,8	0,03÷0,09Ti
<i>Хромды никельмолибденді болат</i>					
18Х2Н4М4 (18Х2Н4В4)	0,14÷0,20	0,25÷0,55	1,35÷1,65	4,0÷ 4,4	0,3÷0,4Mo 0,8÷1,2W

Ескерту: K_v – өңделу коэффициенті.

химиялық құрамы және механикалық қасиеттері

Механикалық қасиеттер				Кесумен өңделуі			Максималды жұмысшы қималы бөлшектер үшін пайдалану, мм
σ_B	$\sigma_{0,2}$	δ	ψ	КСУ, МДж/м ²	НВ	K _v	
МПа	%	МПа	%				
7	8	9	10	11	12	13	14
400	250	35	70	-	-	-	-
470	300	30	60	-	-	-	-
750	650	15	55	1,0	-	-	-
800	650	11	40	0,6	131	1,7	35
1000	900	9	50	0,8	156÷159	1,0	35
1000	800	9	50	0,8	-	-	40÷60
1300÷1500	1000÷1100	9÷10	45÷50	0,6÷0,7	-	-	60÷80
1200	1100	10	45	0,8	205÷215	-	60÷80
950	700	11	55	0,9	156÷205	0,85	60÷80
1150	950	10	50	0,9	177	0,45	100÷200
1300	1100	9	45	0,8	-	-	-
950	750	11	55	1,0	-	-	50÷70
1150	850	12	50	1,0	195÷270	0,7	120 және артық

ал сондықтан үлкен ауыр жүктемелі бөлшектерді дайындауға арналған болаттардың (18X2H4M4 не 18X2H4B4 болат маркасы) шыңдалуыда жоғарлайды.

Ең жоғары легірететін цементтелетін болаттар (12X2H4, 18X2H4B және т.б.) үлкен қималы болаттарды жасау үшін қолданылады. Бұл ең жоғары берікті болаттар.

Хромды марганецті болаттар көптеген жағдайда қымбат хром-никельді болаттар орнына қолданылады. Марганец аустенит тұрақтылығын жоғарлатады, шыңдалудың шекті жылдамдығын төмендетеді және әсіресе эвтектоидке дейінгі болаттың шынығуын жоғарлатады. Бірақта бұл болаттар артық қысуға қатысты аз тұрақты және хромникельді болаттармен салыстырғанда тұтқырлықтары аз болады. Шамалы мөлшерлі титанды қосумен хромды марганецті болаттардың артық қызуға қатысты бейімділігі төмендетіледі.

18ХГТ және 25ХГТ маркалы болаттар автомобильді және тракторлы, сонымен бірге білдекжасау өнеркәсібінде қолданылады. Бұл болаттар газды цементтеу кезінде ішкі тотықтандыруға бейімді, бұл қабаттың шынығуын және төзімділік шегі төмендейді, сондықтан молибденмен легірілген 25ХГМ болат кеңінен қолданылады, ол қабаттың шыңдалуын жоғарлатумен, ішкі тотықтандырудың зиянды әсер етуін жояды және оның максималды қаттылығын қамтамасыз етеді. ХГТ түріндегі болат ішкі тотықтандыру аймағының төмен шыңдалуы әсерінен, ішкі тотықтандыру аймағының зиянды әсерін жоятын арнайы технологиялық шараларды қолдану жағдайы кезінде үлкен жүктемелі бөлшектер үшін ғана қолданылады.

Хромды марганецті болаттардың шынығуын және беріктігін жоғарлату оны никель – хромды марганецті никелді болаттармен легірлеумен орындалады. Осы болаттардан жасалған автомобильді, тракторлы және көмірлі комбайндер агрегатының жұмыс жасау қоры біршама жоғары болады.

Цементтелетін болаттардың беріктігін жоғарлату мақсатында 18ХР, 20ХР және т.б.) бормен (0,001÷0,005%) легіріледі. Бор тек ғана $\leq 0,5 \div 0,6\%C$ құрамды электроидтке дейінгі болаттардың шыңдалуын жоғарлатады, қыздыру кезінде түйіршіктердің өсуіне әсер етеді, бірақта цементтелген қабаттың шыңдалуын жоғарлатпайды. Бормен легірлеу шыңдаудан және төмен жасытудан кейін болаттар қасиетінің беріктігі жоғарлайды, бірақта тұтқырлық және созылу қасиеттері өзгермейді. Бор болатты артық қызуға қатысты сезімлады етеді, сондықтан, мұндай болат, негізінен, тұқым қушылыққа қатысты ұсақ

түйіршікті (түйіршік нөмері $7 \div 10$) болады. Бормен легіріленген болаттар титанмен оның артық қызуға қатысты тұрақтылығын жоғарлатады [1, 2, 5].

1.2.8. Жақсартылатын болаттар

Машина бөлшектерінің көбі (иінді біліктер, біліктер, өстер, штоктар, шатундар, жауапты бөлшектер турбиндер және компрессорлы машиналар) шынықтырудан кейін жоғары жасатылған орташа көміртекті ($0,3 \div 0,5\%$) **жақсартылған болат** деп аталатын болаттардан жасалады.

Машина бөлшектерін жасауға арналған жақсартылған болаттарды таңдау кезінде, мыналарды, олардың шыңдалуын, циклді беріктігін (төзімділік шегі), соққы тұтқырлығын, төзу кедергілігін және т.б. ескеру қажет. Жақсартылған болаттарды таңдау кезіндегі негізгі көрсеткіштер оның шынығуы саналады, ол болаттың химиялық құрамына, біртекті құрылымдылыққа және түйіршік шамасына тәуелді болады. Болат құрамында легірлеуші элементтер қаншалықты көп болса, соншалықты оның шынығуы жоғары болады. Шынығуы қаншалықты жоғары болса, соншалықты беріктік шегі жоғары және жоғары жасатылған болаттар үшін соққы тұтқырлығының бірқалыпты басқа жағдайы кезінде жоғары болады. бөлшектердің қимасы қаншалықты үлкен болса, соншалықты легіріленген болатты таңдау қажет. Белгі ауыспалы жүктеме кезінде жұмыс жасайтын бөлшектер үшін, ең маңызды көрсеткіш болаттың мықтылық шегі саналады, оның шамасына болаттың химиялық құрамының факторының үлкен саны, термиялық және механикалық өңделу жағдайы, температура, орта, құрылым және т.б. әсер етеді. Жүктемелі жоғары жылдамдықты және кернеу шоғырланған кері температура кезінде жұмыс жасайтын өнімдер үшін, никель және молибден қосылған болаттарды таңдау керек. Ванадий бірдей шынықтыру және беріктік кезінде соққы тұтқырлығын жоғарлатады. Соққы тұтқырлығы және салқиндай сынғыштық көрсеткіштері негізгі шамалар саналатын жағдайларда тұқым қууалаушы ұсақ түйіршікті болаттарды қолдану қажет. Сондықтан жақсартылған болаттардың аққыштық шегі жоғары, кернеудің шоғырлануына қатысты сезімталдылығы аз болуы тиіс, бірнеше есе түсетін жүктемелер кезінде жұмыс жасайтын бұйымдарда – мықтылық шегі және тұтқырлық қоры жеткілікті жоғары, сонымен бірге жасыту сынғыштығына (1.6 кесте) қатысты сезімтал-

Легірлеумен жақсартылатын болаттардың

Болат маркасы	Элементтер құрамы, %				
	C	Mn	Cr	Ni	Басқа элементтер
1	2	3	4	5	6
40	0,37÷0,44	-	-	-	-
45	0,42÷0,49	-	-	-	-
30X	0,24÷0,32	0,5÷0,8	0,8÷1,1	-	-
40X	0,36÷0,44	0,5÷0,8	0,8÷1,1	-	-
40XФА	0,37÷0,44	0,5÷0,8	0,8÷1,1	-	0,1÷0,18V
40XГТР	0,38÷0,45	0,7÷1,0	0,8÷1,1	-	0,03÷0,09Ti
30XГС	0,28÷0,35	0,8÷1,1	0,8÷1,1	-	0,9÷1,2Si
40XH	0,36÷0,44	0,5÷0,8	0,45÷0,75	1,0÷1,4	-
30XH3A	0,27÷0,33	0,3÷0,6	0,6÷0,9	2,75÷3,15	-
40XH2MA	0,37÷0,44	0,5÷0,8	0,6÷0,9	1,25÷1,65	0,15÷0,25Mo
36X2H2MФА	0,33÷0,40	0,25÷0,50	1,3÷1,7	1,3÷1,7	0,2÷0,3Mo
					0,1÷0,18V
38X2H3MФА	0,33÷0,40	0,25÷0,50	1,2÷1,5	3,0÷3,5	0,35÷0,45Mo
					0,1÷0,18V

Ескерту: t_g – температура, осы температурадан артық температура кезінде сыну толығымен тұтқырлықты;

t_n – температура, осы температурадан төмен температура кезінде сыну толығымен сынғышты.

химиялық құрамы және механикалық қасиеттері

Механикалық қасиеттері				Кесумен өңделуі			Салқындай сынғыштық шегі, °C	
σ_B	$\sigma_{0,2}$	δ	ψ	KCU, МДж/м ²	НВ	K _v		
МПа	%	МПа	%					
7	8	9	10	11	12	13	14	15
580	340	19	45	6	-	-	0	-20
610	360	16	40	5	-	-	0	-20
900	700	12	45	0,7	163	0,95	0	-100
1000	800	10	45	0,6	163÷168	0,8	-40	-100
900	750	10	50	0,9	241	0,75	0	-100
1000	800	11	45	0,8	-	-	40	-60
1100	850	10	45	0,4	207÷217	0,85	20	-60
1000	800	11	45	0,7	166÷170	1,0	-40	-120
1000	800	10	50	0,8	228÷235	0,7	-40	-120
1100	950	12	50	0,8	-	-	-40	-120
1200	1100	12	50	0,8	229	0,4	-60	-140
1200	1100	12	50	0,8	-	-	-60	-140

дылығы аз және шынығуы жақсы болу керек. Механикалық қасиеттер машинажасау зауытында болатта (бөлшекте) орындалатын сол термиялық өңдеуге, оның ішінде қабылданған жасыту температура-сына тәуелді болады.

Қимасы $25\div 30$ мм артық бөлшектерді жасау кезінде болаттардың механикалық қасиеттерін жоғарлату үшін болат құрамына легірлеуші элементтер қосылады. Легірленген болаттардың шынығуы үлкен, өте ұсақ түйіршікті, аз шыңдалу кернеулі болады. Осыған қатысты олардың негізгі артықшылығы – кешенді механикалық қасиеттері жақсы болады: жеткілікті тұтқырлық және созылымдылық сақталған кездегі беріктік жоғары, салқиндай сынғыштық шегі төмен және т.б. көптеген конструкциялық легірленген болаттар перлитті топқа жатады. Cr, Mn, Si, Mo, Ni – осы болаттардағы негізгі легірлеуші элементтер. Легірлеуші элементтердің жалпы жиынтығы $3\div 5\%$ артық болмайды. Никельден басқа барлық аталған элементтер болаттың беріктігін жоғарлатады, оның тұтқырлығын және созылуын төмендетеді. Никель керсінше болаттың беріктігін жоғарлатумен бірге оның тұтқырлығын және созылуын төмендетпейді. Осы аталған элементтерден басқа оның құрамына түйіршікті ұсақтау үшін $\sim 0,1\%V$, Ti, Nb, Zr, және шынығуын жоғарлату үшін $0,002\div 0,003\%B$ қосылады.

1.7 кестеде жақсартылған легірленген болаттарды қолдану аумағы келтірілген.

Өлшемі үлкен емес орташа жүктелген бөлшектер үшін хромды (30X, 40X, 50X) болаттар қолданылады. Олар шамалы шыңдалуымен сипатталады, сондықтан олардың шыңдалуын жоғарлату үшін бор (40XP), $1\%Mn$ (30XГ, 40XГ, 40XГР және т.б.), механикалық қасиеттерін (тұтқырлығын) жоғарлату үшін – $0,1\div 0,2\%V$ (40XФА болат маркасы) қосылады.

Хром ($0,9\div 1,2\%$) және марганецпен ($0,9\div 1,2\%$) бірге легірлеу беріктігі және шынығуы жеткілікті жоғары – хромды марганецті (20XГ, 25XГ, 30XГ) дәнекерлену және беріктік қасиеттері жоғары болаттарды алуға мүмкіндік береді. Осы болаттардың кемшілігі: тұтқырлықтары төмен, II түрдегі жасыту сынғыштығына қатысты шектілік жоғары және қыздыру кезінде көміртексізденуіне қатысты аустенит түйіршігі өседі.

II түрдегі жасыту сынғыштығына қатысты қабілеттілікті азайту үшін $0,15\div 0,25\%Mo$ қосылады. Титанды қосу артық қызуға қатысты қабілеттіліктің азайуын қамтамасыз етеді, ал бор – оның шыңдалуын жоғарлатады.

Жақсартылған легірленген болатты пайдалану аумағы

Болат маркасы	Қолданысы
1	2
30X, 30XPA, 35X	Шамалы соққы жүктемесі кезінде орташа және жоғары меншікті күш және жылдамдық жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектер – өстер, біліктер, тістегергіштер, саусақтар, төлкелер, бұрандалар, құралбіліктер, тығыздағыштар, көпшіктер, теңгергіш, трансмиссионды біліктер және т.б.
38XA, 40X	Шамалы соққы жүктемесі кезінде орташа және жоғары меншікті күш және жылдамдық жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектер – өстер, біліктер, тістегергіштер, саусақтар, төлкелер, шатундар, шатунды бұрандалар жәнет гайкалар, фланцтер, иінтіректер, шпинделдер, құралбіліктер, шығару клапандары, бұрамдық біліктер, рейкалар, муфтаалар, қисықинелер, жартылай өстер, фрикционды дискілер, штоктар және автоктракторлы және жалпы машинажасау салаларында қолданылатын баскада бөлшектер; құбырлы компрессорлар роторлары, бұрамдық біліктер, трубиналы дискілер, құбыржасаудағы қосқыш муфтаалар; металлургиялық машинажасау саласында қолданылатын қысу бұрандалары, ыстықтай илектеу стандартының біліктері, шпинделдер, дөңгелекшелер, білікшелер, өстер, біліктер, төлкелер, шпилькалар, шатундар, жентектелген тәшкелерді тығыздайтын пластиналар, скиптердің жүрісті дөңгелекшелері, маневрлі конустардың тізбектерінің бөлшектері және т.б.
45X 50X	Шамалы соққы жүктемесі кезінде орташа және жоғары меншікті күш және жылдамдық жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектер – өстер, біліктер, тістегергішті біліктер, сақиналар, тістегергіштер, төлкелер, саусақтар, илектеу біліктері, үлкен тістегергіштер, тіректі сақиналар, шихтаны үлестіруші дөңгелекшелер
35Г2, 40Г2	Бұрамдық біліктер, жартыөстер, цапфтар, өстер, иінтіректер, білікшелер, тістегергіштер, сақиналар, поршенді штоктар, үлестіргіш біліктер, карданды біліктер және т.б.

1	2
45Г2	Шатундар, жартыөстер, беріліс қорабының біліктері, ілініс муфтасының біліктері, карданды біліктер, бұрамдық біліктер, тістегергішті біліктер, бұрамдық біліктер, шатундар қақпағы, өстер және т.б.
50Г2	Карданды біліктер, тістегергіштер, подшипниктер төлкелері, үйкеліс дискілері, жалпақ параллелді серіппелер, шатундар, иінтіректер, өстер, жоғары берікті бұрандалар және гайкалар. Ыстықтай кесетін дисклі аралар, ыстықтай илектеу біліктері, жентектелген тәшкелер (құйма) дөңгелекшелері, білікті ұсатқыштардың біліктерінің құрсаулары (құйма), балғалы ұсатқыштар ұрғышы, скиптердің жүрісті дөңгелегі (құйма), крандардың жүрісті дөңгелегі (құйма), шихта дөңгелекшесінің үлестіргіші және т.б.
35ХГФ, 40ХГТР	Орташа соққы күші және жылдамдығы кезінде жұмыс жасайтын бөлшектер – жартыөстер, біліктер, иінтіректер, жұдырықтар, жұлдызшалар, саусақтар және т.б.
35ХС, 40ХС	Ілініс муфтасының біліктері, берілісті қайта қосу иінтірегі, жылдамдық қорабының біліктері, шайбалар, өстер, теңестіргіштер, қисықинелер, торсионды біліктер, үйкеліс дискілері және т.б.
30ХМ, 30ХМА, 35ХМ, 38ХМ	Жоғарғы температура (400°С дейін) кезінде жұмыс жасайтын біліктер, өстер, цапфтар, төлкелер, шпилькалар, тістегергіштер, қысқыш патрондар, құбыржол фланцтері, бекіту бөлшектері, бүтін құйылған роторлар, дискілер, жоғарғы қысымды құбыржол бөлшектері
40ХФА	400°С дейінгі температура, жоғарғы қысым кезінде жұмыс жасайтын біліктер, шпинделдер, өстер, төлкелер, траверстер, тістегергіштер, бекіту бөлшектері. Азотталғаннан кейін тозу мықтылығы және бетінің жоғары қаттылығына қатысты талаптар қойылатын – шпилькалар, саусақтар, тістегергіштер және басқа бөлшектер
40ХН, 45ХН, 50ХН	Жоғарғы беріктілік, тұтқырлық және жақсы шындалуы талап етілетін үлкен бөлшектер – иінді біліктер шатундар, тістегергіштер, бұрандалар, экскаватор біліктері, шпинделдер, иінтіректер, цилиндрлер, өстер, бұрамдық біліктер, ілініс муфтасының біліктері, жұдырықты муфталар

1	2
38ХГН	Біліктер, өстер, бекіту бөлшектері және т.б. машинажасау саласындағы жауапты бөлшектер
40ХН2МА	Иінді біліктер, клапандар, шатундар, крандар қақпақтары, тістегергіштер, шпилькалар, муфталар, біліктер, бүтін қйылған роторлар, жүктемелі бұрандалар және т.б.
36Х2Н2МФА, 38ХН3МФА	Жоғары температура (400°С дейін) кезінде жұмыс жасайтын үлкен қималы жауапты бөлшектер – дискілер, бөлшектер, трубина роторы, дискілер, қақпақтар, жоғары кернеулі компрессорлы машиналардың роторының біліктері, бәсеңдеткіштер бөлшектері, бұрандалар, шпилькалар және т.б.
38Х2Ю	Сырғанағыш подшипникте жұмыс жасайтын аспаптардың үйкеліс бөлшектері, қосалқы агрегаттар бөлшектері, су құбырының бөлшектері, көшіргіштер, плундерлер, коперлер, кондукторлардың бағыттаушы төлкелері және т.б.
38Х2МЮА	450°С дейінгі температура кезінде жұмыс жасайтын, жоғары бетті қаттылық, тозу мықтылығы, жоғары шекті мықтылық және термиялы өңдеу кезінде аз деформациялануды қажет ететін, азотпен беріктендірілген жауапты бөлшектер – тістегергіштер, дөңгелекшелер, білікшелер, коперлер, плунжерлер, бағыттаушы төлкелер, цилиндрлі гильзалар, рессорлар, форсункалы инелер, бкус тәрелкасы, стакандар, шашыратқыштар, үлестіргіш білікшелер, шпинделдер, біліктер, булы турбиналардың штокты клапандары және т.б. бөлшектер

Хромды кремний-марганецті болаттардың (хромансил: 20ХГС, 25ХГС, 30ХГС) қасиеттері жоғары кешенді. Олардың беріктігі жоғары және дәнекерленуі жақсы. Жауапты дәнекерленетін конструкцияларға (ұшақжасау) арналған табақтар және құбырлар түрінде қолданылады. Бірақта хромансилді болаттар қыздыру кезінде қалпына келмейтін жасыту сынғыштығына және көміртексізденуге бейімді.

1,4÷1,8%Ni (30ХГСНА болат маркасы) қосумен жоғары шыңдалу және жақсы тұтқырлыққа қол жеткізіледі.

Хромникельді болаттардың ($Ni \leq 3\%$) шыңдалуы жоғары, беріктігі және тұтқырлығы жақсы. Олар динамикалық және тербелісті жүктемелі жағдайда жұмыс жасайтын күрделі конфигурациялы ауыр жүктелетін үлкен бұйымдарды жасау үшін қолданылады. Никель мөлшері қаншалықты көп болса, соншалықты болатты пайдалану температурасы төмен және оның сынғышты бүліну кедергілігі жоғары болады. Бұл 40ХН, 45ХН, 50ХН маркалы болаттардың механикалық қасиеттері жоғары.

Сонымен хромникельді болаттар қалпына келмейтін жасыту сынғыштығына бейімді, сондықтан олар қосымша молибденмен не (40ХН2МА болат) не вольфраммен легіріледі – хромникельмолибденді болаттар деп аталады.

Молибденнен (вольфрам) басқа, хромникельді болат бөлігіне жиі ванадий қосылады, ол ұсақ түйіршікті құрылымды – жоғары берікті, созылмалы, жоғары және төменгі салықды сынғыштықты хромникельмолибденванадийлі болат (38ХН3МФ, 36Х2Н2МФА) алуға мүмкіндік береді. Бұл болаттардан жасалған бөлшектердің жұмысшы температурасы $400 \div 450^\circ\text{C}$. Жоғары легірілген хромникельмолибденванадийлі болаттардың кемшілігі оларды кесумен өңдеу қиын және флокендердің түзілуіне қатысты бейімді. Бұл болаттар үлкен қималы (біліктерді шыңдау және бүтін соғылған трубина роторлары, жоғары кернеулі құбырлы ауа үрлейтін машиналар, бәсеңдеткіштер бөлшектері және т.б.) ерекше берікті материал қажет ететін турбинді және компрессорлы машиналардың жауапты бөлшектерді жасау үшін қолданылады [1, 2, 5].

1.2.9. Жоғары кесумен өңделетін болаттар

Кесумен өңделу болаттың ең маңызды технологиялық сипаттарының бірі. Сондықтан өндірісте **автоматты болаттар** (1414-75 МЖСТ) деп аталатын, жоғары жылдамдықпен кесуді орындауға, инструменттің бекемділігін жоғарлатуға және жоғары сапалы өңделетін бетті алуға мүмкіндік беретін болаттар кеңінен қолданылады. Автоматты болаттар, жоғары өнімділікті автоматты-білдекте өңделетін жалпы өндірісті бұйымдарды өңдеу үшін қолданылады. Жоғары күкірт, фосфор және қорғасын құрамды төменгі және орташа көміртекті болаттардың ерекшелігі мынада, олардың кесу инструментімен жақсы өңделеді.

Жиі қолданылатын автоматты көміртекті А12, А20, А40Г маркалы болаттар, олардың құрамындағы күкірт (0,08÷0,3%) және фосфора ($\leq 0,05\%$) және марганец (0,7÷0,8%) мөлшері жоғары. 40Г болат құрамы 1,2÷1,55%Мп. Сонымен күкірт және фосфор негізгі зиянды қоспа деп саналады, бірақта автоматты болаттар құрамында қорғасын болады. Сонымен бірге күкіртті автоматты болаттар үлкен анитзотропиялық механикалық қасиетті, жылдам бүлінуге бейімді және төзімділік шегі төмен болады.

Болат құрамындағы қорғасын ұсақ домалақ қоспа түрінде болады; металды кескен кезде өңделетін бөлшек және инструмент арасындағы үйкелісті азайтатын қорғасынды қабыршақ түзеледі. Қорғасын қосылған болаттың қасиеті және технологиялық сипаттамасы іс жүзінде өзгермейді. Бірақта қорғасын құрамды болаттарды пайдалану кезінде олардан бөлінетін зиянды заттарға қатысты қорту және дәнекерлеу кезінде арнайы шараларды қабылдауды қажет етеді.

Осы түрдегі болаттар сортты таптама, калибрленген алтыбұрыш және диаметрі 5,6÷9 мм сым түрінде қолданылады. 1.8 кестеде автоматты болаттардың механикалық қасиеттері және 1.9 кестеде оларды қолдану аумағы келтірілген.

1.8 кесте

Автоматты болаттардың механикалық қасиеттері

Болат маркасы	$\sigma_{в}$, кгс/мм ²	$\sigma_{т}$, кгс/мм ²	δ , %	$a_{н}$, (кгс*м)/см ²
АС12ХН	65	45	10	9
АС14ХГН	110	85	8	8
АС19ХГН	120	95	7	7
АС20ХГНМ	120	95	7	6
АС30ХМ	90	75	12	10
АС38ХГМ	95	80	11	8
АС40ХГНМ	100	85	12	9

Құрамында кальций бар өңделуі жоғары арзан болаттар кеңінен қолданылады. Құрамында кальций бар (АЦ – автоматты кальцийлы) көміртекті (АЦ20÷АЦ60) және легіріленген (АЦ45Х, АЦ40Г, АЦ40Г2, АЦ20ХН3 және т.б.) болуы мүмкін [1, 5].

Машинажасау саласында қолданылатын автоматты болаттар

Болат маркасы	Қолданысы
A11, AC11	Кесумен өңделетін шарлы тіреулер, іліністі іске қосатын айыр, тізбектер, бұрандалар, гайкалар
A12, A20	Иінді білікті тістегергіштер, бұрау қолсабының ендірмесі, есік құлпының жетегінің жұдырықты дөңгелекшелері, іліністі диск иінтірегінің өстері, майлы сорап жетегінің тістегергіштері, спидометр жетегінің бәсеңдеткішінің біліктері, сулы сораптың майқұйғыш-пресс-майқұйғышты бұрышты өтпеліктері, дросселді жапшықтар өстері, тежеуді атмосфералық күшейткіштер клапандары, кері клапан қақпағы, тежегіштің негізгі цилиндрінің штуцері, тежеу қалпының тіреулері
A30, A40Г	Жоғары кернеулі гайкалар, өстер, шпилькалар және т.б. бөлшектер
AC14XГН	Сателлитті дифференциал өстері, күпшелер, синхронизатордың сырғанақ муфталары
AC12ХН	Иінді біліктер қыркылдақтары, майлы сорап фланцтері, жағу кілті, штифтер, берілістерді ауыстыру иінтіректері. Тартқыштар, гайкалар, муфталар, жетекті акселератордың иінтіректі өстері, ауалы сүзгіштің қақпағының өстері
AC19XГН	Артқы жүрістің аралықты тістегергіштері, беріліс қорабының қайтарымды білігінің тістегергішінің төлкелері және т.б.
AC20XГНМ	Беріліс қорабының бастапқы білігінің синхронизаторларының тісті тәждері
AC30ХМ	Рульдік басқарудың бұрамдықтары
AC38XГМ	Жартыөстің тиекті подшипниктер сақинасы
AC35Г2	Майлы сораптың білікшелері

1.2.10. Жоғары берікті мартенситті ескіретін болаттар

Бұйымның жоғары конструктивті беріктігіне, егер осы бұйымның құрамындағы бөлшек үлкен берікті және морт сыну кедергісіне үлкен материалдардан жасалған кезде ғана қол жеткізіледі. Химиялық

құрамды және онтайлы термиялық өңдеуді таңдаумен $\sigma_b = 1800 \div 2000$ МПа алынған кездегі болаттар **жоғары берікті** болаттар деп аталады.

Көміртексіз мартенситті ескіретін болаттарда кеңауқымды температура аралығында қысыммен өңдеу кезінде жоғары технологиялық созылымдылық, жақсы созылымдылық және тұтқырлықпен беріктік қасиеттері үйлеседі; қысыммен өңдеуден кейін кез келген жылдамдықпен салықндату кезінде жарықша түзілмейді; жақсы дәнекерленеді. Бұл болаттардың шыңдалуы жақсы және созылымдылық шегі жоғары ($\sigma_{0,002} = 1500$ МПа) болады. Кемшіліктері ликвациялануға бейімді. көміртек мөлшері ($\leq 0,03\%$) аз, сонымен бұл элемент карбидтің легірлеуші элементтерімен болаттың морттылық қабілетін түзейді. Көміртек және азот – зиянды қоспалар, болаттың созылымдылығын және тұтқырлығын төмендетеді.

Дайындама шыңдалғаннан кейін осы болаттардан пластикалық деформациялаумен бұйымдар жасалады. Болаттар шыңдаумен және келесі ескірумен беріктендіріледі. Мұндай болаттарды термиялық өңдеумен $800 \div 860^\circ\text{C}$ шынықтырылады, ауада салқындатылады және жасытумен ескіртеді. Беріктендіру, легірлеуші элементтердің қайта таралу есебінен, $480 \div 500^\circ\text{C}$ кезіндегі жасыту процесінде орындалады.

Мартенситті-ескіретін болаттар никельді ($8 \div 20\%$) темірлі, ал жиі кобальтті қортпа түрінде болады. Ең жақсы үйлесім болатқа $20 \div 25\%Ni$, $7 \div 9\%Co$, $4,5 \div 5,0\%Mo$, $5 \div 11\%Cr$, $0,1 \div 0,35\%Al$, $\sim 0,15 \div 1,6\%Ti$, $\sim 0,3 \div 0,5\%Nb$, $\leq 0,2\%Si$, Mn , $\leq 0,01\%S$, P әрқайысын қосумен байқалады. Интерметаллидтерді алу үшін титан және алюминий қосылады.

Техникада жоғары берікті мартенситті-ескірген Н18К9М5Т ($\leq 0,03\%C$, $\sim 18\%Ni$, $\sim 9\%Co$, $\sim 5\%Mo$, $\sim 0,6\%Ti$) маркалы болаттар кеңінен қолданылады. Осы болатты маркалардың механикалық қасиеттері: ($\sigma_b = 1800 \div 2000$ МПа, $\delta = 8 \div 12$, $\psi = 40 \div 60\%$, $KCU = 0,4 \div 0,6$ МДж/м²). Сонымен бірге аз легірленген мартенситті-ескірген болаттар: Н12К8М3Г2, Н10Х11М2Т ($\sigma_b = 1400 \div 1500$ МПа), Н12К8М4Г2, Н9Х12Д2ТБ ($\sigma_b = 1600 \div 1800$ МПа) және т.б. қолданылады.

Мартенситті-ескірген болаттар ұшақтар дөңгелектерін, ғарыштық ұшу аппараттарының қамтамасын, прецизионды оталық инструменттерді, штамптарды және т.б. жасау үшін қолданылады. Осы болаттарды криогенді техникаларды жасау үшін де қолданады, кері температура кезінде олар жеткілікті созылымдылықты үйлесімді беріктіктігі жоғары болады. осы болаттар созылымдылық шегінің мәні жоғары болуына қатыстысеріппелерді жасау үшін де қолданы-

лады. $11\div 12\%Cr$ мартенситті-ескірген болаттар тоттануға төзімді (03N10X11M2T) болаттар қатарына жатады [1, 6].

1.2.11. Жоғары берікті созылымдылығы жоғары болаттар

Метатұрақты жоғары берікті аустенитті болаттар **ТРИП-болаттар** (Transformation Induced Plasticity – бірінші әріптерге қатысты TRIP) не **ПНП-болаттар** (түрленумен енгізілген созылымдылық) деп аталады. Бұл болаттардың құрамында $8\div 14\%Cr$, $8\div 32\%Ni$, $0,5\div 2,5\%Mn$, $2\div 6\%Mo$, $2\%Si$ дейін (мысалы, 30X9H8M4Г2С2 және 25Н25М4Г1) болады.

Бұл болаттардың ерекше артықшылығы мынада, $980\div 1200^{\circ}C$ температура кезінде аустенизацияланудан кейін M_n және M_k мартенситті түрлену (мартенситті деформацияланудың түзілуінің басталуы) $20^{\circ}C$ төмен орындалады, бұл дегеніміз, болаттың құрылымы аустенитті. Аустенизацияланғаннан кейін болатта жоғары механикалық қасиеттерді қалыптастыру үшін оны $250\div 550^{\circ}C$ (қайта кристаллизациялану температурасынан төмен) кезінде 80% (илектеу, созу, гидроэкструзиялау және т.б.) деформацияландырады.

ПНП-болаттардың механикалық қасиеттері: $\sigma_b = 1500\div 1700$ МПа, $\sigma_{0,2} = 1400\div 1550$ МПа, $\delta = 50\div 60\%$. Осы топтағы болаттарға K_{Ic} бүліну тұтқырлығының жоғарғы мәні және σ -1 төзімділік шегі тән. Бірдей не созылымдылыққа жақын кезде осы болаттардың мартенситті-ескіретін болаттар не легірленуші жоғары берікті болаттармен салыстырғанда аққыштық шегі өте жоғары болады. ПНП-болаттарды кеңінен қолдануға олардың жоғары легірленуі, салыстырмалы төмен температура кезінде деформациялау үшін қуатты жабдықтарды пайдалану қажеттігі, қиын дәнекерленуі, деформацияланған металдың антитропиялық қасиеттері және т.б. кедергі жасайды. бұл болаттар жоғары жүктемелі бөлшектерді, сымдар, тростар, бекіту бөлшектерін және т.б. жасау үшін қолданылады [1,2].

1.2.12. Серіппелі-рессорлы болаттар (14959-91 МЖСТ)

Рессорлы-серіппелі болаттар серіппелер, серпімді элементтер және әртүрлі қолданысты рессорларды жасау үшін қолданылады. Осы болаттарға қойылатын талаптар: ұзақ уақыт ішінде серпімділік қасиеттерді сақтау, серпімділік шегі жоғары, төлімділік шегі жоғары, тұтқырлық және созылмалық жеткілікті және төменгі созылымдылық кезіндегі бұзылу кедергілігі және қажу жоғары. Бұл

болаттар өзінің түзілетін тербелісі және тұрақты тербелісті жұмыс тәртібіндегі қажу өзгерісіне қарсы тұрулары керек. Осы талаптарды қанағаттандыру үшін іс жүзінде әртүрлі құрамды серіппелі болаттар және қортпаларды әртүрлі термиялық және термомеханикалық өңдеу түрлерімен өңделеді. Сонымен бірге болат жақсы шыңдалатын және шынықтырылатын болу керек. Рессорлы-серіппелі болаттардың механикалық қасиеттері 1.10 кестеде келтірілген.

1.10 кесте

Рессорлы серіппелі болаттардың механикалық қасиеттері

Болат маркасы	$\sigma_{0,2}$, кгс/мм ²	σ_b , кгс/мм ²	δ , %	ψ , %
1	2	3	4	5
65	80	100	10	35
70	85	105	9	30
75	90	110	9	30
85	100	115	8	30
65Г	80	100	8	30
70Г	85	105	7	25
50С2	110	120	6	30
55С2	120	130	6	30
60С2	120	130	6	25
70С3А	160	180	6	25
50ХГ	110	130	7	35
55ХГР	125	140	5	30
50ХФА	110	130	8	35
60С2ХФА	170	190	5	20
60С2Н2А	160	175	6	20
60С2ХА	160	180	5	20
60СГА	140	160	6	25
50СХА	120	135	6	30
50ХГФА	120	130	6	35

Серіппелі болаттар сортты илек, жолақ, таспалы серіппелер, сымдар, беті (күмістелген) жоғары өңделген шыбықтар түрінде жасалады.

Жоғары емес кернеу әсер ететін аз қималы серіппелер үшін көміртекті 65, 70, 75, 85 болаттар қолданылады. Серіппе және рессорларды жасау үшін жиі құрамы $1,5 \div 2,8\% \text{Si}$, $0,6 \div 1,2\% \text{Mn}$, $0,2 \div 1,2\% \text{Cr}$, $0,1 \div 0,25\% \text{V}$, $0,8 \div 1,2\% \text{W}$, $1,4 \div 1,7\% \text{Ni}$ легірленген болаттар қолданылады. Бұл элементтер қажетті шыңдалуды және шынықтырылуды қамтамасыз етеді, болаттың серіппелі шегін және релаксациялық бекемділігін жоғарлатады. Мысалы кремний жасыту кезінде мартенситті ыдырауды сақтай отырып фериттің беріктенуіне жағдай жасайды, серпімділік шегінің жоғары мәні қалыптасады.

Кремнийлі болаттардың (55C2, 60C2A, 70C3A) аққыштық және серпімділік шектері жоғары; оларды машинажасау саласында вагондар салпыншағының серіппелерін, көптеген автомобильдер рессорстарын, торсионды біліктерді және т.б. жасау үшін қолданады. Бірақта кремнийлі болаттар ыстықтай өңдеу кезінде бетті ақаулықты көміртексізденуге және графиттелусізге бейімді, бұл төзімділік шегін төмендетуге әсер етеді. Кремнийлі болатты қосымша хром, марганец, вольфрам және никельмен легірлеуолардың шынығуын жоғарлатады және көміртексіздену, графиттелуге бейімділігі азайтады және қыздыру кезінде түйіршіктердің өсуіне әсер етеді.

Кремний марагнецті және хром марагнецті болаттардың (55CG, 50XГ және т.б.) шынықтырылуы жақсы және оларды диаметрі 25 мм дейінгі шыбықты серіппелерді жасау үшін қолданады. Артық қызуға және көміртексізденуге бейімді емес автомобильді рессорстарды жасау үшін 50XГА болат, клапанды серіппелер үшін 50XФА қолдану ұсынылады. үлкен өте жауапты бөлшектерді жасау үшін 65C2BA, 60C2XФА болаттар (1.11 кесте) қолданылады. Серіппелі элементтер қатты динамикалық жүктеме жағдайында жұмыс жасаған кезде никельді 60C2H2A болат қолданылады.

Патентирленген салқиндай созылған сымдар және салқиндай серілген таспалар серіппелерді жасау үшін, жоғары көміртекті 65, 65Г, 70, У8, У10 болат маркалары кеңінен қолданылады. Сымның жоғары механикалық қасиеттері патентирлеумен және келесі 70% кем емес деформациялану дәрежесі кезінде созумен орындалады. сымның уақытша кедергісі 95% деформацияланудан кейін 2600 МПа жетеді.

Сонымен бірге қарастырылған жалпы қолданысты серіппелі болаттардан басқа машинажасау саласында арнайы қолданысты серіппелі болаттар және қортпалар да қолданылады. Жоғары механикалық қасиеттері және кедергіліктерімен қатар, олардың тотану бекемділіктері, магнитті емес, жылубекемді және т.б. ерекше қасиет-

Рессорлы-серіппелі болаттарды қолдану салалары

Болат маркасы	Қолданысы
65, 70, 75, 85	Қозғалтқыштар клапандарының серіппелері, қалыңдығы 3÷12 мм тікбұрышты қималы жалпақ серіппелер, салқын-дай тығыздалған диаметрі 0,14÷8 мм сымды серіппелер, локомативтер рессорстары, серіппелері, құрсаулары
65Г	Жалпақ және домалақ серіппелер, рессорстар, серіппелі сақиналар, тозу кедергілігі жоғары және жоғары серпімділік қасиеттері талап етілетін Гровер шайбасы және серіппелі түрлі басқа бөлшектер
55ГС	3÷14 мм қалыңдықты рессорлар
50С2, 55С2	Айнымалы иілумен жұмыс жасайтын теміржол көлігінің бөлшектері, рессорлар, салпыншақтар, машинажасаудағы тартылыс серіппелері, жетекші өстер рессорстары және тендері, сақтандырғышты және кері клапан серіппелері
60С2, 60С2А	3÷16 мм қалыңдықты рессорлар, 3÷18 мм қалыңдықты жолақты болатты және қалыңдығы 0,08÷3 мм серіппелі таспалы серіппелер, диаметрі 3÷12 мм сымдытармақты серіппелер (автомобильдің алдыңғы және тәуелсіз салпыншақтар серіппесі, рессорлар, тарту серіппесі, домалақ, квадратты және сопақшалы қималы серіппелер, спиральды серіппелер, торсионды біліктер, пневматикалық қашау және т.б.)
70С3А	Жауапты қолданысты ауыр жүктелген серіппелер
50ХГ, 50ХГА, 50ХФА, 50ХГФА	ГАЗ және ЗИЛ автомобильдерге арналған рессорлар және қалыңдығы 3÷16 мм қалыпты және жоғары дәлдікті жолақты болатты тракторлы рессорлар. Жеңіл автомобильдердің жауапты клапанды серіппелер және рессорлар, секциялық поршенді сақиналарға арналған сальникті серіппелер, автомобильді табақты рессорлар, серіппелер, ұзақ жұмыс жасау циклін қажет тетеін және көп еселі ауыспалы жүктемені пайдалану процесінде жоғары температура (300°С кезінде), кезінде жұмыс жасайтын серіппелер
55ХГР	3÷16 мм қалыңдықты рессорлар
60С2ХФА, 70С2ХА, 65С2ВА, 60С2Н2А	Жауапты және жоғары жүктемелі серіппелер және рессорлар

тері қалыптасқан. Бұл болаттарға жоғары легіріленген мартен-ситті (жоғары хромды тоттануға төзімді болаттар) мартенситті-ескіретін, аустенитті (тоттануға төзімді, магнитті емес және ыстыққа бекемді) болаттар және т.б. жатады [1, 5].

1.2.13. Шарикті подшипникті болаттар

Тербеліс подшипниктері жинау дәлділігін, жұмыс кезіндегі тоқтаусыздығы және өнімділікті анықтайтын көптеген машиналарға (станоктар, автомобильдер, тракторлар, вагондар, электрқозғалтқыштары және т.б.) арналған жауапты бөлшектер саналады. Шарлы подшипниктер бөлшектеріне (сақина, шариктер, дөңгелекшелер) жұмыс процесінде жоғары меншікті ауыспалы жүктемелер әсер етеді. Сондықтан осы бөлшектерге арналған болаттардың қаттылығы, беріктігі, тозуға төзімділігі және төзімділік шегі жоғары болады. Бұл болаттарға металды емес қоспалар (сульфидті, тотықты), макро-және микрожазықтығы, ликвациялығы, өлшемі және кернеу концентраттары болып саналатын, егер олар бөлшектің жоғарғы қабатында орналасқан жағдайда, қоспалардың орналасуы бойынша жоғары талаптар қойылады. Сонымен қатар карбидті әртектілік болмайды. Сонымен бірге подшипниктер жұмысы кезінде тербелісті дене және жұмысшы беттегі сақина бұзылуы және металды емес қоспаның тозып мүжілуі мүмкін, осының барлығы подшипниктің ұзақмерзімділігін қысқартады, тербелісті подшипниктің шариктерд (не дөңгелекшелері) сақинаның сырты және іші бойынша тербелісті жағдайда жұмыс жасайды.

Үлкен емес қималы подшипниктерді жасау үшін хроммен легіріленген жоғары көміртекті болат, мысалы, ШХ15, үлкен қима үшін – үлкен тереңдікте қыздырылатын хромды марагнец кремний болаты ШХ15СГ қолданылады. шарикті подшипникті болаттардың химиялық құрамы 1.12 кестеде, ал 1.12 кестеде оларды пайдалану аумағы келтірілген.

Подшипниктердің сақинасы және дөңгелекшелерінің беріктік және жанасу төзімділікті оңтайлы үйлесімділігін алу үшін шыңдалғаннан және жасытылғаннан кейін ШХ15 болат маркалары үшін қаттылық 61÷65 HRC және ШХ15СГ болат маркалары үшін қаттылық 60÷64,5 HRC, ал шариктер үшін қаттылық 62÷66 HRC болу керек [1, 5].

Тербелісті подшипниктер бөлшектеріне арналған
болаттардың химиялық құрамы, %

Болат маркасы	C	Si	Mn	Cr	W	V
ШХ15	0,95÷1,05	0,17÷0,37	0,2÷0,4	1,30÷1,65	-	-
ШХ15СГ	0,95÷1,05	0,40÷0,65	0,9÷1,2	1,30÷1,65	-	-
95Х18	0,9÷1,0	≤0,8	≤0,7	17,0÷19,0	-	-
8Х4В9Ф2	0,7÷0,8	≤0,4	≤0,4	4,0÷4,6	8,5÷9,5	1,4÷1,7

Подшипникті болаттарды пайдалану аумағы

Болат маркасы	Қолданысы
ШХ9	Шамалы диаметрлі шариктер және дөңгелекшелер
ШХ15	Қабырғаларының қалыңдығы 15÷20 мм сақиналар, шариктер және дөңгелекшелер, диаметрі 20 мм дейінгі тербелісті дене, плунжерлер төлкесі, айдама клапандарының плунжері, айдама клапандарының ершігі, шашыратқыштар корпусы және инелері, итергіштер дөңгелекшелері, жұдырықтар, коперлер, жоғары қаттылықты, тозу мықтылығына және түйісу беріктігіне жоғары талаптар қойылатын бағыттаушы және басқа бөлшектер
ШХ15СГ	Қабырғасының қалыңдығы 40 мм артық емес подшипниктердің үлкен габаритті сақиналары, шариктері және дөңгелекшелері, диаметрі >50 мм шариктер, диаметрі >35 мм дөңгелекшелер, бұрғылау машиналарының роторлы сақиналары, плунжерлер төлкесі, шашыратқыштар корпусы, итергіштер дөңгелекшелері және т.б.
95Х18	Қалыпты зиянды ортаның (теңіз не өзен сулары, сілтілі ертінділер, азотты не сіркелі қышқылды және т.б.) әсер етуімен не 500°С дейінгі температура кезінде жұмыс жасайтын және жоғары беріктілік талаптары қойылатын подшипниктің сақиналары, шариктері, дөңгелекшелері
18ХГТ, 12Х2Н4Т, 20Х2Н4А	Жұмыс жасау процесінде үлкен динамикалық жүктемелер әсер ететін подшипникті бөлшектер, теміржол көліктеріне арналған подшипниктер, үлкен габаритті таптау станогының подшипниктері, үлкен дөңгелекшелі подшипниктер (сақинасының сыртқы диаметрі 500 мм артық) және т.б.

1.2.14. Тозуға төзімді болаттар

Тозуға арналған үлгілік жағдайлар әдетте сырғанау үйкелісі, абразивті (бұйым бетінен бөлшектер жұлынады) тозу саналады. Соққы (мысалы, шынжыр табанды машиналарының трактары үшін, жақты ұсатқыштар, жер қазатын машиналардың қалақтары, теміржолды және трамвайлы жолар айқастырмасы) жоғарғы қысым және абразивті үйкеліс жағдайында тозумен жұмыс жасайтын бөлшектер үшін тозуға төзімді болаттар қолданылады.

Графиттелген болаттар құрамындағы көміртектен (1,75% дейін) және кремний мөлшері (1,6% дейін) жоғары болады. Бұл болаттардағы көміртек бөлігі графиттеумен жасырудан кейін графит түрінде бөлінеді. термиялық өңдеуден кейін құрылым кейбір мөлшерлі домаланған графит қоспасы түріндегі түйіршікті перлитті болады. Графит құрғақ үйкеліс және іліністің алдын алуға арналған майлау рөлін атқарады. Сонымен бірге бұл болаттар қарсы тербелісті қасиетті. Графиттелген болаттар штамптар, матрица, иінді біліктерді, шарлар, құю аппараттарының күрекшелерін және т.б. жасау үшін қолданылады.

Жоғары марганецті құйылған болаттар (Гадфильд маркалы болаттар 110Г13Л, 1882 ж.) құрамында $0,9\div 1,3\%C$, $11,5\div 14,5\%Mn$ болады. Құрылымы артық карбидті аустенитті, шекара бойынша бөлінумен болаттың тұтқырлығын және беріктігін төмендетеді. Сондықтан бұйымдар суда $1050\div 1100^{\circ}C$ шындалады, марганецті аустенитті құрылым алынады. Гадфильд болаты пайдалану процесінде бірауқытта тозу және соққы жүктемесі әсер ететін бөлшектерді жасау үшін кеңінен қолданылады, сонымен бұл болат бекемделуге (қақталмалануға) $60\div 70\%$ деформациялану кезінде қаттылық 500 НВ дейін жоғарлайды, бұл мозаика блогының ұсақталуымен, кристалды тордың бұрмалануымен түсінідіріледі) бейімді. Бұл болат келесі механикалық қасиетті: $\sigma_b = 800\div 1000$ МПа, $\sigma_{0,2} = 250\div 350$ МПа, $\delta = 35\div 45\%$, $\psi = 40\div 50\%$, $180\div 220$ НВ. Абразивті тозумен шамалы соққы жүктемесі үйлескен кезде не таза абразивті тозу кезінде мартенситті түрлену орындалмайды және болаттың тозу төзімділігі жоғары болмайды.

Пайдалану кезінде мартенситті түрленетін 60Х5Г10Л болат соққы-абразивті тозу және циклді түйісу-соққылы жүктеме кезінде жоғарғы төзімді.

Пайдалану кезінде жартылай мартенситті өзгеріс әсер ететін, кавитациялық мүжілу кезінде тозу жағдайында жұмыс жасайтын

гидроптрубина және гидросораптар қалақшалары, кеменің есу бұрандалары және т.б. бөлшектерді жасау үшін тұрақты емес аустенитті 30X10Г10, 0X14АГ12 және 0X14Г12М болаттар қолданылады. Жұмыс барысында кавитациялық мүжілетін, деформацияланатын және бетті қабаттардың бүлінуі, бұйымның бетінде беріктігі жоғары гидравликалық соққы әсерінен мартенситті жаңа қабаттың түзілуіне әсер етеді. Осы процестің бірнеше есе қайталануы метатұрақты аустенитті болаттың жоғарғы тұрақтылығымен түсіндіріледі [1, 6].

1.2.15. Тотануға және ыстыққа төзімді болаттар және қортпалар

Сыртқы ортаның әсер ету нәтижесінде металдардың механикалық қасиеттері, кейде көзге көрінетін сыртқы түрі өзгеріссіз күрт төмендейді. Тоттанудың бірнеше түрі болады. Ең қауіптісі интеркристаллитті тоттану, түйіршіктің шекарасы бойынша таралады, соның әсерінен олардың электрхимиялық мүмкіндіктері өте төмен болады. Интеркристаллитті тоттанған болаттың металдық дыбысы жойылады және иілу кезінде металдың тоттанумен бүлінген жерінде түйіршік шекарасы бойынша үзіледі.

Жоғары температура (550°C артық) кезіндегі газды тотануға қатысты болат төзімділігі **қақты төзімділік** (ыстыққа төзімділік) деп аталады. Электрхимиялық, химиялық (атмосфералық, топырақты, сілтілі, қышқылды, тұзды) кристаллитті және тоттанудың басқа түрлеріне тұрақты болаттар **тоттануға төзімді** (тоттанбайтын) болаттар деп аталады.

Тоттануға төзімді болаттар құрамы олар арналған ортаға тәуелді анықталады. Бұл болаттар негізгі екі топқа бөлінеді:

- хромды, ауада салқындатылғаннан кейін ферритті, мартенситті-ферритті (феррит 10% артық) не мартенситті құрылымды;
- хромникельді, аусенитті, аусенитті-мартенситті не аусенитті-ферритті (феррит 10% артық) құрылымды.

Хромды болаттар. Хром – негізгі легірлеуші элемент, болатты қышқылды ортада тотануға төзімді етеді. Бетте (12,5%Сг кезінде) тоттықты қорғаныс қабыршағы түзіледі. Болатқа 12÷14%Сг қосқан кезде оның электрхимиялық мүмкіндігі оң болады және атмосферада, теңіз (ауызсулы) суында, бірқатар әлсіз қышқылды ертінділерде, тұздар және сілтілі ортада тоттануға қарсы тұрақтылық қалыптасады. Темір хроммен үздіксіз қатты ертінділер қатарын түзейді. Бұл

болаттардың кешенді технологиялық қасиеттері жеткілікті жақсы болады. Көміртек кері (тоттану қасиеті төмендейді) әсер ететін элемент. Болаттың тотану төзімділігі термиялық өңдеумен: шыңдаумен және жоғары жасытумен және бетті ажарлаумен және жылтыратумен жоғарлатылады.

1. Мартенситті және мартенситті-ферритті топты болаттар 12X13, 20X13 болаттардың созылымдылығы жоғары және соққы жүктемесі әсер ететін бөлшектерді, сонымен бірге аз қауіпті реагенттер (атмосфералық тұнба, органикалық қышқылды тұзды сулы ертінділер және т.б.) әсер ететін бұйымдарды жасау үшін қолданылады

2. Ферритті топты төмен көміртекті жоғарғы хромды болаттар (12X17, 15X25, 15X28), олардың тоттануға төзімділігі жоғары. 12X17 маркалы болаттар дәнекерленбейді, оның дәнекерлену тігісіне қатысты аймақтағы түйіршіктер үлкен, созылымдылығы төмен және тоттану төзімділігі салыстырмалы төмен болады. 15X25, 15X28 маркалы болаттардан термиялық өңдеусіз өте зиянды ортада жұмыс жасайтын және соққы жүктемесі әсер етпейтін, пайдалану температурасы -20°C төмен температура кезінде жиі қоланылатын дәнекерленетін бөлшектер жасалады. Бұл болаттың түйіршіктері үлкен құйылған түрлі және 850°C артық қыздыру кезінде түйіршіктері қатты өсуге бейімді, бұл болаттың сынғыштығының түзілуіне әсер етеді. Түйіршікті ұсақтауға және термиялық өңдеумен созылымдылықты жоғарлатуға болмайды, бұл болаттарда $\alpha \rightarrow \gamma$ -түрлену орындалмайды. 15X28 маркалы болатты дәнекерленген конструкциялар кристаллитті аралықты тоттануға бейімді. Көміртек және азот болаттың сынғыштығының (салқындай сынғыштық шегі жоғарлайды) түзілуіне әсер етеді және кристаллитті аралықты тоттануға себепші болады. Кристаллитті тоттану кедергілігін және болат түйіршігінің ұсақталуын жоғарлату үшін болатты көміртектің құрамынан бес есе кем емес мөлшердегі титанмен легіренеді. Құрамындағы $25 \div 30\% \text{Cr}$ ферритті болаттар $450 \div 500^{\circ}\text{C}$ дейін ұзақ қыздыру кезінде сынғышты болады.

Дәнекерленген конструкциялар үшін болат кернеу астындағы тоттануға қарсы жоғары төзімділікті болу қажет кезінде өте төмен көміртекті ($<0,02\%$) құрамды феритті болаттар – **суперферриттер**, мысалы, 015X10M2B маркалы болаттар қолданылады.

Хромникельді болаттар. Никельді қосқан кезде тоттану төзімділігі жақсарады. Хромды тоттанбайтын болаттармен салыстырған кезде аустенитті құрылымды тоттанбайтын болаттардың тоттану төзімділігі жоғары, технологиялық қасиеттері жақсы болады. Олар жоғары

температураға дейін беріктікті сақтайды, бірақта төменгі температура кезінде де созылымдылықты жоғалтпайды. Қышқылды ортада тотануға төзімді. Қосымша мыс және молибденмен легірілену кезінде болаттардың тоттану төзімділігі және қышқылдану төзімділігі жоғарлайды. Шамалы мөлшерлі титан және алюминий дисперсті инермателлидті түзеумен аустенитті беріктендіреді.

1. Аустенитті топты болаттардың аққыштық шегі төмен, беріктігі шамалы, созылымдылығы жоғары, жақсы дәнекерленеді және штампталады, қышқылды ортада тоттану төзімділігі жақсы. Парамагнитті болаттар (04X18N10, 12X18N9T, 17X18N9). Никель өте тапшы және қымбат металл, сондықтан болат құрамына марганец және азот азот (10X14Г14Н4Т, 15X17АГ14) қосылады. 12X18N9T болатты әдетте салқиндай тапталған табақ не таспа түрінде қолданады, сонымен салқиндай пластикалық деформациялану процесінде болат жеңіл бекемделеді (қақталады). Салқиндай деформацияланғаннан (60÷70%) кейін уақытша кедергілік 1200÷1300 МПа дейін жоғарлайды, сонымен бірге салыстырмалы ұзару 4÷5% дейін қысқарады.

550÷750°C дейін шыңдалған болаттарды қыздыру кезінде, мысалы дәнекерлеу кезінде, олар сынғышты және кристаллитті аралықты тоттануға бейімділік қалыптасады. Интеркристаллитті тоттануға қатысты бейімділікті төмендету үшін болат құрамына титан (сирек ниобий) 5×С-0,7 (С – көміртек құрамы) мөлшерінде (12X18N10Т, 12X18N12Т) қосылады. 12X18N10Т маркалы болат қышқылды ортада (мысалы, азотты қышқылды) жұмыс жасау үшін кеңінен қолданылады.

Кристаллитті аралықты тоттанудың жоғарғы кедергілігі, жақсы созылымдылығы және дәнекерленуі төмен көміртекті аустенитті 04X18N10 және 03X18N12 маркалы болаттарға тән. Төменгі құрамды көміртекті болаттар азотты қышқылға және қауіпті ортаға тұрақты, химиялық аппаратураларды жасау үшін кеңінен қолданылады.

Хромникельді тоттануға төзімді болаттар өте қымбатты. Осыған байланысты кейбір жағдайда өте арзан болаттар қолданылады, оларда никельді бөлік марганецпен ауыстырылған. 10X14Г14Н4Т маркалы болат 12X18N10Т маркалы болат орнына қолданылады, әлсіз қауіпті ортада (органикалық қышқылды, тұзды, сілтілі), сонымен бірге -196°C дейінгі температура кезінде жұмыс жасайтын бұйымдарды жасау үшін қолданылады.

Кейбір жағдайда азотты (0,15÷0,4%N) хроммарганецті никельді болаттар қолданылады, олар аустенитті тұрақтандырады және никельді (10X14АГ15, 15X17АГ14, 12X17Г9АН4) орына қолданылады.

Тоттануға төзімді болаттардың механикалық қасиеттері және химиялық құрамы

Болап маркасы	Негізгі элементтер құрамы, %			Механикалық қасиеттері				
	C	Cr	Ni	Басқа элементтер	σ_b	$\sigma_{0,2}$	δ	ψ
МПа								
Мартенситті топты болаттар								
20X13	0,16÷0,25	12÷14	-	-	850	650	15	50
30X13	0,26÷0,35	12÷14	-	-	950	700	15	50
40X13	0,36÷0,45	12÷14	-	-	1150	900	12	30
Мартенситті-ферритті топты болаттар								
12X13	0,09÷0,15	12÷14	-	-	750	500	20	65
Ферритті топты болаттар								
12X17	0,12	16÷18	-	-	520	350	30	75
15X25T	0,15	24÷27	-	5C-0,9Ti	540	-	40	70
015X17M2Б	0,015	16,5÷18,5	-	1,5÷2,0 Mo; 0,3÷0,5 Nb	450	280	30	60
Аустенитті топты болаттар								
12X18N9	0,12	17÷19	8÷10	-	520	360	30	75
10X14Г14Н4Т	0,10	13÷15	2,5÷4,5	5C-0,6Ti; 13÷15 Mn	650	280	45	60
10X14АГ15	0,10	13÷15	-	0,15÷0,25 N; 14÷16 Mn	750	300	45	55
10X17Н13М3Т	0,10	16÷18	12÷14	5C-0,7Ti	580	280	40	60
Аустенитті-ферритті топты болаттар								
08X21Н6М2Т	0,08	20÷22	5,5÷6,5	1,8÷2,5 Mo; 0,2÷0,4 Ti	750	450	50	55
Аустенитті-мартенситті топты болаттар								
09X15Н8Ю	0,09	14÷16	7÷9	0,7÷1,3 Al	1250	1000	20	50

Органикалық қышқылды, күкірт қышқылды және теңіз суында тоттануға қарсы болаттар тұрақтылығын молибден (10X17H13M2T, 10X17H13M3T) жоғарлатады, ол болатты қортудан бастап дәнекерленген конструкцияларды және аппараттарды жасаумен технологиялықтың жақсы тотану төзімділігін жақсы үйлестіреді.

2. Аустенитті-ферритті топты болаттар құрамында Cr, Ni және кейбір мөлшерде Mo және Ti (08X22H6T, 08X21H6M2T, 12X21H5T және т.б.) болады. Никельді үнемдеу мақсатында X18H8 түріндегі болаттар хромникельді болаттар орына қолданылатын болат ретінде ұсынылған. Аустенитті болаттармен салыстыру бойынша бұл болаттар қанағаттандырылатын созылмалық кезінде жоғары берікті және интеркристаллитті тоттану және тоттанумен жарықшалану кедергілігі жақсы болумен сипатталады. бұл болаттар қасиеттерінің тұрақтылығын сақтамайды: олардың қасиеттері ферритті және аустенитті фазалардың арақатынасына тәуелді. 400÷750°C дейін қыздырған кезде болаттар сынады.

3. Аустенитті-мартенситті топты болаттар (09X15H8Ю, 09X17H7Ю, 08X17H5M3) атмосфералық тоттануға қарсы жақсы төзімділігімен бірге механикалық қасиеттері жоғары және жақсы дәнекерленеді; беріктігі бойынша аустенитті болаттардан артықшылықты. 975°C дейінгі температурада шындалғаннан кейін болаттың созылымдылығы жоғары және пластикалық деформацияланады және кесумен өңделеді. Бұл болаттардың механикалық қасиеттері мартенситтердің мөлшеріне тәуелді, оларды шындау температурасы және суықпен өңдеумен реттеуге болады. Егер мартенсит мөлшері 40% артық болған кезде болаттың созылымдылығы төмендейді, бірақ беріктігі жоғарлайды. Тоттануға төзімді болаттардың механикалық қасиеттері және химиялық құрамы 1.14 кестеде және 1.15 кестеде қолдану аумағы келтірілген.

1.15 кесте

Тоттануға төзімді болаттардың қолдану аумағы

Болат маркасы	Қолданысы
1	2
20X13, 08X13, 12X13	Гидравликалық престер клапандары, тәрелкалары және клапандар ершігі, төлкелер тығыздағышы, бекіткіш, поршенді сақина, турбиналар күрекшесі, үй ыдыстары, құрсаулар, құбырлар

1.15 кестенің жалғасы

1	2
25X13H2	Сондай
30X13, 40X13	Болаттар қаттылығы 50÷60 HRC жоғары және тоттануға төзімділігі жеткілікті. Олардан карбюраторлар инелері, кесу, өлшеу, хирургиялық және медициналық аспаптар, серіппелер, бұрандалар, компрессорлардың пластиналы клапандары, үй ыдыстары және жоғары қаттылық не беріктікті қажет ететін тоттануға төзімді басқа бөлшектер жасалады
14X17H2	Химиялық, авиациялық және өндірістің басқа салаларында технологиялық қасиеттері жеткілікті қанағаттандыратын болат ретінде – дискілер, біліктер, төлкелер, бекіткіштер, компрессорлық машиналар бөлшектері жасалады
95X18	Мұнай жабдықтарына арналған жоғары қаттылықты подшипниктер, жоғары сапалы пышақтар, қарқынды тозатын және зиянды ортада жұмыс жасайтын төлкелер және т.б. бөлшектер
12X17	Тамақ және жеңіл өнеркәсібінің зауыттарына арналған жабдықтар, үй ыдыстары, асүй жабдықтары, адсорбциялық мұнаралар, азотты қышқылдар және нитрозды ыстық газдарға арналған жылу алмастырғыштар, бекіту бөлшектері, білікшелер және араласқан азотты, сіркелі, лимонды қышқылды ертінділерде, тұзды ертінділерде, қышқылдандыру қасиеті бар ертінділерде жұмыс жасайтын аппараттар және ыдыстардың басқа бөлшектері
08X17T	-20°C төмен емес пайдалану температурасы кезінде соққы жүктемесі әсер етпейтін конструкциялар, сонымен бірге осы мақсаттағы 12X17 болат, оның ішінде дәнекерленген конструкцияларға арналған
08X18T1	12X17 және 08X17 болат маркаларына арналған, штампталатын бөлшектер үшін
15X25T	-20°C төмен емес зиянды ортада жұмыс жасауға арналған: азотты қышқыл не электролитті сілтімен жұмыс жасайтын жылу алмастырғыштар құбыры үшін, электродтар, терможүп қаптамасы, қыздыру пештерінің арматурасы, жалынды оталдырғыштар, пиролизді қондырғылар құбырлары және т.б.

1.15 кестенің жалғасы

1	2
15X28	Сондай, шынылы спай үшін
20X13H4Г9	Нүктелі дәнекерлеумен жалғастырылған берік және жеңіл конструкция үшін 12X18H9 және 17X18H9 салқындай тапталған маркалы болатты ауыстырғыш
10X14АГ15, 10X14Г14Н3	Сондай үй ыдыстары және кір жуу машиналары үшін
09X15H8Ю	Серпімді элементтерге арналған және сірке қышқылы және т.б. тұзды ортада, атмосфералық жағдайда жұмыс жасайтын бұйымдарға арналған жоғары берікті болат
07X17H6, 08X17H5M3	Сондай күкіртті қышқылды ортаға арналған және 09X15H8Ю болат
20X17H2	Әлсіз зиянды ортада соққы және қажалумен жұмыс жасайтын ауыр жүктелген бөлшектерге арналған жоғары берікті болат
08X22H6Т	>300°С температура кезінде жұмыс жасайтын химиялық, тамақ және басқа өнеркәсіп салаларына арналған дәнекерлеу аппараттары
08X21H6M2Т	Фосфорлы, күкірт қышқылды, сірке қышқылды жоғары зиянды ортада жұмыс жасайтын бөлшектер және дәнекерленген конструкциялар
15X17АГ14	Әлсіз зиянды ортада жұмыс жасайтын бұйымдар
10X17H13M2Т, 10X17H13M3Т	Қайнайтын сірке қышқылы, фосфор, күкірт қышқылдарының әсер ету жағдайында жұмыс жасайтын дәнекерленген конструкциялар
15X18H12C4ТЮ	Ауалы және зиянды ортада, оның ішінде концентратты азотты қышқылымен жанасумен жұмыс жасайтын дәнекерленген конструкциялар
08X10H20Т2	Теңіз суында жұмыс жасайтын үлкен габаритті бөлшектерді өндіруге арналған магнитті емес болаттар
12X18H10Т, 12X18H9Т, 12X18H12Т	+350°С дейінгі зиянды орта кезінде, -196 ден +600°С дейінгі температурасы қысымымен жұмыс жасайтын корпустар және басқа бөлшектер, араластырылған тұздар, сілтілер, қышқылдар ертінділерімен жұмыс жасайтын дәнекерленген конструкциялар

1.15 кестенің жалғасы

1	2
09X16H4Б	Зиянды ортада жанасумен жұмыс жасайтын жоғары берікті штампталған дәнекерленген конструкциялар және бөлшектер
Хромды шойын. Аз қоспалы хромды (4% артық емес) легіріленген шойындар қызу кезінде эвтектоидті цементтің тұрақтылығын жоғарлатады және шойынның өсуін азайтады. Хромды шойындардың кристаллизациялану ерекшелігі, қатты ертінділер және цементтің, егер хром құрамы 3% артық болған кезде – арнайы карбидтер және қатты, магнитті емес және 42÷48% Cr (σ -фаза ретінде белгілі) сынғышты интерметаллидті Fe-Cr түзілуі саналады. Хромды шойындар негізінен ыстықты-тотты және тозуға төзімді материал ретінде қолданылады. шойынның ыстық төзімділігі ондағы хром (15% жоғары) құрамының жоғарлауымен көтеріледі. Сонымен бірге, бірауқытта жоғары температура және қажалу жағдайында жұмыс жасайтын қортпаларда көміртек құрамын 2,5÷3,5% көбейту қолайлы

әсер етеді. Кремний шойынның қақтың түзілуіне қарсы кедергілігін жоғарлатады, бірақта жоғары температура кезінде беріктік, сонымен бірге шойынның созылмалығы және термиялық төзімділігі төмендейді, сондықтан әдетте жоғары хромды шойын құрамында оның құрамы 4% артық емес болады.

Көміртек құрамының азауы және хром құрамының көбейуімен шөкпелі қылаудың түзілуіне қатысты бейімділік жоғарлайды. Сонымен мынаны ескеру қажет, хром құрамының өсуімен шойынның салқынды жарықшаның түзілуіне қатысты шойын бейімділігі жоғарлайды, сондықтан құйманың әртүрлі бөлігі бірқалыпты салқындауды қамтамасыз ететін құйманың салқындауына және оны термиялық өңдеуге қолайлы жағдай жасау керек. Хромды шойындарды қорту доғалы, сонымен бірге индукциялық электр пештерде орындалады.

Хромды шойындардың тозу төзімділігі қорпаның құрылымы және қаттылығымен анықталады, сондықтан осындай шойынның өқаттылығына қандай термиялық өңдеу тәртібі ықпал ететінін білу керек. 400 НВ және артық қаттылық кезіндегі шойынның тозу төзімділігі ВК4, ВК6М, ВК3М пластиналы кескіштермен өңделуі мүмкін. 4÷5 кесу тереңдігі кезінде кесу жылдамдығы 25 м/мин артық емес, шала өңдеу үшін беріліс $0,3\div 0,4$ мм/айн және таза өңдеу үшін $0,5\div 0,6$ мм/айн болады.

Хромды шойынның келесі маркалары қолданылады:

- ыстық төзімділікті және тозу төзімділікті – ЖЧХ, ЖЧХ2, ЖЧХ16, ЧХ22, ЧХ34, Х28П, Х28НД3Ю2;
- тозу төзімділікті – ИЧХН4, ИЧХ2Н4, ИЧХ3ТД, ИЧХ4Г7Д, ИЧХ13Г3М, ИЧХ12Г5, ИЧХ15М2, ИЧХ28Н2, ИЧХ28Н2М2 және т.б.

Легірленген маркалы шойындар әріптермен белгіленеді: Ч – шойын, Х – хром, Н – никель, Т – титан, С – кремний, Г – марганец, М – молибден, Д – мыс, Ю – алюминий, П – фосфор Ш – шар тәрізді графит, И – тозуға төзімді, Ж – жыстыққа төзімді. Төмен хромды шойындар құрамында (ЧХ1, ЧХ2, ЧХ3) Сг 0,4 ден 3,0% дейін және әдеттегі сұр шойынға қарағанда өте жоғары ыстыққа төзімділікпен сипатталады. Бұл шойындар пластиналы графитті металды негізді перлитті құрылымды болады. Бірақта шойындағы хром құрамының жоғарлау шамасы бойынша эвтектикалықты цементит қоспасы түзіледі.

Цементиттің түзілуін болдырмау үшін кремний және көміртек құрамы көбейтіледі, шойын модифицирленеді. Төмен хромды шойынның механикалық қасиеті оның ерекше құрылымымен байланысты және салыстырмалы көп емес.

Құрылымда үлкен эвтетикалық цементтің болмауына қатысты σ_b нақты мәні 290 МПа жетеді және ұсақ графитте жеткілікті болады.

20÷30%Cr (ЧХ16, ЧХ28, ЧХ32) құрамды жоғары хромды шойындар, тотану төзімділігі жоғары конструкциялық материалдар, 1000оС кезінде криолитті-алюминий тотықты қортпаларда және анодты газды алюминді электролизді ортада, тұзды ертінділерде не басқа қортпаларда және азотты тотықты және сульфаты (азотты, күкіртті, фосфорлы, сіркелі және т.б.) әртүрлі қышқылды ертінділерде жұмыс жасайтын бөлшектер үшін тотану төзімділігі жоғары конструкциялық материалдар ретінде қолданылады.

3.31 кестеде хромды шойынның механикалық қасиеті, 3.32 кестеде химиялық құрам, 3.3 кестеде пайдалану сипаттамасы және қолданыс аумағы келтірілген.

3.31 кесте

Хромды шойындардың механикалық қасиеті

Шойын маркалары	σ_b , кгс/мм ²	$\sigma_{0,2}$, кгс/мм ²	f_{300} , мм	НВ
	10 ⁷ Па			
ИЧХ3ТД	24	48	2,0	480÷600
ИЧХ4Г7Д	15	34	2,0	500÷600
ИЧХН4	23	48	4,0	340÷460
ИЧХ2Н4	22	42	1,5	470÷650
ИЧХ15М2	18	50	4,0	500÷600
ИЧХ28Н2	30	55	4,0	480÷600
ИЧХ28Н2М2	33	55	4,0	470÷600
ЖЧХ	18	36	2,5	207÷286
ЖЧХ2	15	32	2,5	207÷286
ЖЧХ3	-	32	3,0	228÷364
ЖЧХ16	35	70	3,0	400÷450
ЧХ22	30	55	3,0	260÷340
ЧХ28	35	55	6,0	220÷270
ЖЧХ30	30	50	2,0	364÷550
ЧХ34	40	60	5,0	325÷400
Х28П	30	50	1,5	280÷400
Х28Д3Ю2	55	80	5,0	364÷550

Хромды шойындардың химиялық құрамы

Шойын маркалары	Элементтердің салмақтық үлесі, %						
	C	Si	Mn	Cr	Ni	Cu	Прочие
	Ыстыққа тезімді тогтануға тезімді						
ЖЧХ	3,0÷3,8	1,5÷2,5	1,0	0,5÷1,0	1,0	-	-
ЖЧХ2	3,0÷3,8	2,0÷3,0	1,0	1,0÷2,0	1,0	-	-
ЖЧХ3	3,0÷3,8	2,8÷3,8	1,0	2,0÷2,7	1,0	-	-
ЖЧХ16	1,6÷2,4	1,5÷2,2	1,0	15,0÷18,0	-	-	-
ЧХ22	0,6÷0,9	3,0÷4,0	0,8	20,0÷24,0	-	-	-
ЧХ28	0,5÷1,0	0,5÷1,3	0,8	26,0÷30,0	-	-	-
ЖЧХ30	1,6÷3,0	1,5÷2,0	0,7	28,0÷32,0	1,0	-	-
ЧХ34	1,5÷2,2	1,3÷1,7	0,8	32,0÷36,0	-	-	-
Х28П	1,8÷2,8	1,8÷2,5	0,6	25,0÷30,0	-	-	0,8÷1,5P
Х28НД3Ю2	2,2÷3,0	0,8÷1,2	1,2÷1,8	25,0÷30,0	0,5±0,8	2,5÷3,5	1,0÷2,0Al
	Тоғуға тезімді						
ИЧХН4	3,0÷3,4	3,0÷2,8	1,0	0,8÷1,2	3,5±5,0	-	-
ИЧХ2Н4	2,7÷3,6	0,5÷0,9	0,8	1,6÷2,6	3,8±5,0	-	-
ИЧХ3ТД	2,6÷3,6	0,7÷1,5	1,0	2,0÷3,0	0,5	0,8	1,0Ti
ИЧХ4Г7Д	3,0÷3,8	1,4÷1,8	6,0÷8,0	3,0÷5,0	0,5	0,7	1,0Cu
300Х13Г3С2М	2,7÷3,0	1,3÷2,5	2,0÷4,0	12,0÷14,0	-	-	1,0Mo
ИЧХ13Г3М	2,7÷3,0	0,5÷0,7	3,4÷3,9	11,0÷18,0	-	-	0,8Mo
ИЧХ12Г5	2,6÷3,0	0,7	4,5÷5,2	12,0÷14,0	-	-	-
ИЧХ15М2	2,8÷3,6	0,5÷0,8	1,0	12,0÷18,0	-	-	2,0÷3,0Mo
ИЧХ28Н2	2,7÷3,0	0,7÷1,4	0,8	28,0÷30,0	1,5±3,0	-	-
ИЧХ28Н2М2	2,6÷3,0	0,4÷0,8	1,0	28,0÷30,0	1,5±3,0	-	1,8÷2,2Mo

Хромды шойындардың ыстыққа төзімді,
тоттануға төзімді және тозуға төзімді құймаларының
пайдалану қасиеті және қолданыс аумағы

Шойын маркалары	Пайдалану қасиеттері	Қолданыс аумағы
1	2	3
ЖЧХ	Үйкеліс және тозу жағдайында газды, ауалы, сілтілі ортада тотану төзімділігі жоғары. Ыстыққа төзімділігі ауалы ортада 500°C дейін	Кокилдер, шыны қалыптар, шілтерлер, доменді пештің тоназтқышты плиталары, агломерациялық машиналардың оттықтары, коксохимиялық жабдықтар бөлшектері, газды қозғалтқыштар және компрессорлардың бөлшектерінің күкіртті көміртекті ретортары, дизелдердің выхлопные коллекторлары
ЖЧХ2	Сондай. Ыстыққа төзімділігі ауалы ортада 600°C дейін	Агломерациялық машиналардың шілтерлерінің оттықтары және арқалық, химиялық жабдықтардың түйісу аппараттарының бөлшектері, мұнай өңдейтін зауыттардың құбырлы пештерінің торлары, турбокомпрессорлар бөлшектері, шынымашиналар бөлшектері
ЖЧХ3	Сондай. Ыстыққа төзімділігі ауалы ортада 650°C дейін	Термиялық пештер бөлшектері, электролиздер, оттықтар, шынымашина бөлшектері, сөндіру вагондарының қаптама плиталары
ЖЧХ16	Ыстыққа төзімділігі ауалы ортада 900°C дейін, калыпты және жоғары температура кезінде тозуға төзімді, үлкен концентрациялы органикалық емес қышқылға қарсы тұрақты	Химиялық машинажасау арматуралары, пешті арматура, цементті пештер бөлшектер

3.33 кестенің жалғасы

1	2	3
ЧХ22	1000°C температура кезінде ыстыққа төзімді және абразивті тұрақты	Температураның күрт ауысуы әсер етпейтін химиялық және цементі пештер бөлшектері
ЧХ28, ЧХ34	900°C дейін ванадийлі тотану жағдайында тұзды ертінділер және балқымаларында, күкіртті қышқылға тоттануы төзімді	Сораптар, вентилендер, әртүрлі сыйымдылықтар, реторттар және тамақ өнеркәсібінің химиялық аппараттарының басқа бөлшектері және т.б.
Х28П	Мырышты қорпада тозуға төзімді және тотануға төзімді	Мырышты бақымада (төлкелер, поршендер, подшипниктер) жұмыс жасайтын үйкелісті жұпты бөлшектер
Х28НД3Ю2	Қалыпты және жоғары температура кезінде 1100°C дейін ыстыққа төзімді және тозуға төзімді	Болатты үздіксіз құю қондырғысының ұстау элементтер армирлеу, агломерациялық машиналар оттығы, жентектеу тәшкесінің жиегі
ЖЧХ30	1100°C дейін ауалы ортада ыстыққа төзімді. 900°C дейін ванадийлі тотану жағдайында абразивті тозуға қарсы күкіртті ортада тұрақты. Күкіртті қышқылда тоттануға төзімді. Қалыпты және жоғары температура кезінде беріктігі жоғары	Күкіртті кендері күйдіру пештерінің тарақтары және тістері, құмды шүмекті – ұсатқышты аппараттар, алюминді электролиздер қаптамасының қорғанысты бөлшектері, химиялық аппаратуралар бөлшектері, булы қыздырғыштардың көлеңкелі қорғанысы

Шетелде белгілі 1,5÷2,2%С, 1,5÷2,2%Si, 13÷18%Cr құрамды жоғары хромды шойын «сормайт» атауымен, абразивті тозу кезінде жұмыс жасайтын шыбықтар және ұнтақ түрінде жасалатын бөлшектер бетін ертіп дәнекерлеу үшін, сонымен бірге абразивті ортада (сонымен бірге жоғары температура кезінде) жоғары тозу төзімділігімен сипатталатын 2,5÷3,5%С, 2,8÷4,2%Si, 25÷31%Cr, 3÷5%Ni, ≤1,5%Mn, ≤0,08%S, ≤0,8%P, HRC≈50 құрамды қорпалар ретінде қолданылады. хромды шойындар тығыздығы 7,3÷7,5 г/см³ шекте болады.

Кремнийлі шойын. Кремнийлі шойын, негізінен қақты, өсу-және тоттануға төзімді шойын ретінде қолданылады. 3.34 және 3.35 кестелерде осы шойынның химиялық құрамы және қолданыс аумағы келітірілген. $5\div 6\%Si$ құйылған күйде ол бір фазалы ферритті матрицалы және $900^{\circ}C$ дейінгі температура кезінде қатты төзімділігі және өсу тұрақтылығы жақсы болады. $900^{\circ}C$ кезінде ЖЧС5 маркалы шойынның өсуі $0,2$ ден $0,8\%$ дейін, $1000^{\circ}C$ кезінде $0,6$ ден 1% дейін ауытқиды. Пластиналықтан шар тәрізді графитке өту кезінде шойын құрылымының қатты төзімділігі және өсу тұрақтылығы ауалы ортада және генераторлы газды жану өнімінде біршама жоғарлайды. Шамалы мөлшерлі хром және марганец мөлшерімен кремнийлі шойынды қосымша легірілеу перлитті құрылымның түзілуіне әсер етеді, бұл дегеніміз, оның қатты төзімділігіне және өсу тұрақтылығына шамалы әсер етеді.

Кремнийлі шойынды никельмен (2% дейін) не хроммен ($0,5\div 4\%$) легірілеу оның ыстыққа төзімділігін жоғарлатады. Шар тәрізді графитті шойын өте ыстыққа төзімді.

Кремнийлі шойын тығыздығы кремний мөлшеріне тәуелді және $6,7\div 7,0$ т/м³ шекте болады. Кремний құрылымының жоғарлауымен шойын тығыздығы төмендейді. Пластиналы және шар тәрізді графитті шойынның жылуөткізгіштігі кремнийлі шойынның жылу өткізгіштігімен бірдей.

373 К ($100^{\circ}C$) температура кезінде ол $0,058$, ал 873 К ($600^{\circ}C$) кезінде – $0,075$ Вт/м²·К. Сызықты кеңейу коэффициенті $273\div 1173$ К ($0\div 900^{\circ}C$) аралығында $(14\div 17)\cdot 10^{-6}$ К⁻¹ құрайды.

Химиялық машинажасау саласында ЧС15 және ЧС17 (ферросилидтер) кеңінен қолданылады. Олардың күкіртті, азотты және хромды қышқылдарда, бірақтар органикалық қышқылдар әртүрлі температура және концентрацияда, сонымен бірге бөлмелі температура кезінде фосфорлы қышқылда және сілтілі (тотану төзімділігі 10 баллдық жүйе бойынша анықталады: 1 баллға дейін $<0,001$ мм/жыл шығынды жеткілікті шойын төзімділігі, 10 баллға дейін >10 мм/жыл шығынды тұрақты емес шойын анықталады) тұзды ертінділерде тотану төзімділігі жоғары болады. Бұл қортепалардың теңіз суында, жерасты суларында анодты еру жағдайында төзімділіктері жақсы болады, бұл оларды су және жер асты ғимарттарында катодты қорғанысты анодты жерге қосу стансалары үшін қолдануға мүмкіндік береді. Ферросилидтің механикалық қасиеттерін жоғарлату мақсатында

кейде ол мыспен легіріленеді. ЧС15 шойынға 8÷10%Сu қосқан кезде оның беріктігі 20 кгс/мм² дейін және соққы тұтырлығы 1,0 кгс·м/см² дейін жоғарлайды. Бірақта қортпаның тоттану төзімділігі төмендейді. Эвтектикалықты құрамды (0,5÷0,7%С) кезінде осы шойында оңтайлы механикалық қасиеттер анықталды.

Атап өту қажет, алюминді қвасцта, мырышты және темір купоросында, тұзды қышқылда және басқа қосындыларда ферросилидтің төзімділігі қанағаттанарлықсыз болады. Тұзды қышқылда оның төзімділігін жоғарлату үшін ферросилид әдетте 4% дейінгі мөлшерде молибденмен, кейде 2,5% дейін қосымша никельмен легіріленеді. Бұл қортпалар «антихлор» деген атаумен белгілі. «антихлор» концентрациялықты бағана, қазандықтар, сораптар, құбырлар және арматураларды жасау үшін қолданылады. «антихлор» барлық технологиялық температуралар кезінде кез келген тұзды, күкіртті және азотты қышқылдар концентрациясында тұрақты, бірақта оны тұзды әлсіз азотты қышқылды не күкіртті қышқылмен ауыстыру кезінде, сонымен бірге тұзды қышқыл және бромды хлорлы сутегінде плавикті қышқылды булар, күкіртті қышқылдар, балқыған сілтілер кезінде пайдалану ұсынылмайды. Кремний құрамының жоғарлауы «антихлор» тотану төзімділігін жоғарлатады, бірақта осы кезде қортпаның қаттылығы және сынғыштығы жоғарлайды.

3.34 кесте

Кремнийлі шойынның химиялық құрамы, %

Шойын маркасы	С	Si	Mn	S	P	Басқа элементтер
ЖЧС5	2,5÷3,2	4,5÷6,0	≤0,8	0,12	0,3	0,5÷1,0 Cr
ЖЧС5Ш	2,7÷3,3	4,5÷5,5	≤0,8	0,03	0,1	До 0,2 Cr
ЧС13	0,6÷1,4	12,0÷14,0	0,3÷0,8	-	-	-
ЧС15	0,5÷0,8	14,0÷16,0	0,3÷0,8	0,07	0,1	-
ЧС17	0,3÷0,5	16,1÷18,0	0,3÷0,8	0,07	0,1	-
ЧС15М4	0,6÷0,9	14,0÷16,0	0,6÷1,0	0,1	0,1	3,0÷4,0 Mo
ЧС17М3	0,3÷0,6	16,1÷18,0	0,6÷1,0	0,1	0,3	2,0÷3,0 Mo

Кремнийлі шойынды құймалардың пайдалану қасиеті және қолданыс аумағы

Шойын маркасы	Пайдалану қасиеттері	Қолданыс аумағы
1	2	3
ЖЧС5	700°С дейінгі температура кезіндегі ауалы орта және оттықты және генераторлы газда ыстыққа төзімді	Күкірт көміртекті реторттар, цементті өндірісті күйдіру пештеріне арналған оттықтар
ЖЧС5Ш	Күкірт газды құрамды 800°С дейінгі температура кезіндегі ауалы орта және оттықты және генераторлы газда ыстыққа төзімді	Қазандықтардың оттықты арматурасы, буқыздырғышты қазандықтардың дистанцирлеуші бөлшектері, газды шүмек, термиялық пештердің түпті плиталары, газды трубиналар корпусы, мырышты қортпаларға арналған жолдықұймалы машиналар қазандығы, термиялық пештер бөлшектері, алюминді балқытуға арналған тигль, күкіртті көміртекті реторттар, оттықтар және т.б.
ЧС13	Сілтілі және қышқылды әртүрлі концентрацияда (плавикті, тұзды қышқыл және жоғары температура кезіндегі сілтілер), әртүрлі температура және концентрация кезінде бірқатар органикалық қышқылда тоттануға төзімді, анодты еру жағдайында теңіз және жерасты суларында төзімді	200°С дейінгі температура кезінде жұмыс жасайтын химиялық аппараттардың басқа бөлшектері және сораптар, винтилдер, реторттар, күкірт және басқа концентрациялық қышқылдар әсер ететін
ЧС15, ЧС17	Әртүрлі температура кезінде тұзды және сілтілі ертінділер, көптеген концентрирленген және ара-	Центробежді және поршенді сорапты бөлшектер (цилиндр, поршен, клапандар, қаптамалар, реторттар, құбырлар), араластыр-

3.35 кестенің жалғасы

1	2	3
	лас қышқылдардағы тотану төзімділігі жоғары, органикалық қышқылда, анодты еру жағдайында теңіз және жерасты суларында төзімді	ғыштар күрекшелері, фитингтер, төлкелер, дисклер, жылуалмастырғыштар, реакциялық аппараттар, компрессорлар, сонымен бірге әртүрлі химиялық өндіріске арналған жабдықтар
ЧС15М4, ЧС17М3	Барлық технологиялық температура кезінде кез келген тұзды қышқылға төзімді, азотты және пикринді және фосфорлы қышқылда, сонымен бірге төрт хлорлы көміртекте, темір купороста және сутегі тотығында	Концентрациялық бағаналар, сораптар, құбырлар және әртүрлі химиялық өндірісті арматуралар

Қортпа құрамында Мо 4% артық болған кезде оның тотану төзімділігі іс жүзінде өзгермейді, бірақта қаттылық және сынғыштық жоғарлайды. 3.36 кестеде кремнийлі шойындардың механикалық қасиеттері берілген.

3.36 кесте

Кремнийлі шойынның механикалық қасиеті

Марка чуғуна	σ_b , кгс/мм ²	σ_n , кгс/мм ²	f_{300} , мм	Твердость НВ
ЖЧС5	10,0÷15,0	22,0÷30,0	1,5	140÷300
ЖЧС5Ш	25,0÷40,0	-	-	255÷321
ЧС13	10,0÷14,0	22,0÷30,0	1,5	270÷360
ЧС15	6,0÷10,0	17,0÷24,0	1,2	300÷400
ЧС17	4,0÷7,0	14,0÷16,0	1,0	400÷460
ЧС15М4	6,0÷7,0	14,0÷16,0	1,0	430÷460
ЧС17М3	6,0÷7,0	10,0÷12,0	0,5	430÷460

Кремнийлі шойында кремний құрамының жоғарлауымен оның беріктігі төмендейді. Шар тәрізді графитті шойында, пластиналы

графитті шойынға қарағандағы пластиналықтың айырмашылығында, беріктіктің қарама-қарсылығында, температураның жоғарлауымен, үлкен мөлшерде беріктік және созылмалық сақталады. Сонымен бірге ЖЧС5Ш маркалы шойында ұзақ уақыт шыдамдылықта (500 сағат) 900°C кезінде беріктік 9%, ал ЖЧС5 маркалы шойында – 27% төмендейді. Кремнийлі шойынның соққы тұтырлығы салыстырмалы төмен – 0,5 кгс·м/см² артық емес (керткісіз).

0÷900°C температура аралығында ЖЧС5 және ЖЧС5Ш маркалы шойындардың мәндері жақын бірдей $\alpha = (14,0\div 16,0) \cdot 10^{-6} \text{ 1/}^\circ\text{C}$ ферросилидтерде α мәні аз, және оның ішінде 0÷200°C аралығында $\alpha = 4,7 \cdot 10^{-6} \text{ 1/}^\circ\text{C}$. Кремний құрамы жоғары кезде шойынның жылу өткізгіштігі төмендейді.

Қалыпты шойынға қарама-қарсы ЖЧС5 және ЖЧС5Ш маркалы шойынның жылу өткізгіштігі температураның жоғарлауымен көтеріледі және айырмашылығы аз болады. Ферросилидте ол одан аз және шамамен 0,025 кал/см·с·°C құрайды. Кремнийлі шойын тығыздығы кремний құрамының жоғарлауымен төмендейді және 6,7÷7,0 г/см³ шегінде ауытқиды.

Кремнийлі шойынның құю қасиетін сипаттаумен, атап өту керек, ЖЧС5 және ЖЧС5Ш маркалы шойынның сұйықты аққыштығы бойынша сұр шойыннан айырмашылығы аз. Ферросилидтер ішінен құюға ең жарамды эвтектикалық құрамды шойын саналады. Эвтектикалықтан төмен көміртек құрамы кезінде жарықша және шөкпелі қылаудың түзілуі жоғарлайды, ал сұйықты аққыштық төмендейді. Сұйық металдың беті тұрақты тотықты қабыршақпен жабық болады, іс жүзінде қалып материалымен реагирленбейді; сондықтан ферросилидті құймалар таза, күйік ізінсіз алынады.

ЖЧС5 маркалы шойынның еркін құю шөгіндісі 1,0÷1,25%, ал ЖЧС5Ш – 1,3÷1,6%. Мөлшері 1,5% дейінгі хромды пластиналы графитті кремнийлі шойынды легірлеу құю шөкпесін 1,45% дейін жоғарлатады. Пластиналы графитті кремнийлі шойынның шөкпелі қылауды түзуге бейімділігі сұр шойынмен салыстырғанда ешқандай айырмашылығы болмайды, ал ЖЧС5Ш маркалы шойын шөкпелі қылауды түзуге бейімді; бірақта бұл бейімділік, жоғары берікті шойындармен салыстырғанда біршама төмен, құю температурасы және шойын құрамына қатысты 4÷7% құрайды.

Ферросилидтердінеркін құю шөкпесі 1,2÷2,% шегінде болады. «антихлор» құрамында ол шамалы 2,2%. Сонымен бірге «анти-

хлор» ферросилидпен салыстырғанда концентрациялықты шөкпе қылауының түзілуіне бейімділігі үлкен болады. Осы қортпаларды құю құрғақ және ылғалды қалыптарда орындалады. қалыптан құйманы алу кезінде салықнды және ыстықты жарықшаның түзілуінің алдын алу үшін оны $760\div 800^{\circ}\text{C}$ дейін қызған пеште келесі салықндатумен қатқаннан кейін алу керек не келесі міндетті жасытумен қалыпта баяу салқындауды қамтамасыз ету қажет.

Құрамындағы $\text{Si}5\div 6\%$ шойынды қорту вагранды және басқа пештерде, сонымен ібрег ферросилидтерді қорту тек ғана доғалы не индукциялық пештерде орындалады. Құрамындағы $\text{Si} 15\div 17\%$ жоғары кремнийлі қортпаларды қорту ерекшелігі олардың газды қанығуға деген бейімділігінің жоғары болуы, әсіресе сутегімен. Сондықтан мұндай қортпалар әдетте полиэтиленді термиялық деструкцияланған өнімдермен тазаланады. Осындай өңдеуден кейін қортпадағы сутегінің құрамы $3 \text{ см}^3/100 \text{ г}$ дейін азайады. ферросилидті царий және ФЦМ5 лигатурамен модифицирлеу қортпаның физикалық және химиялық біртектілігін жоғарлатады. Кремнийлі шойында шар тәрізді графитті алу әдеттегі тәсілмен орындалады.

ЖЧС5Ш маркалы шойынды құймалар кернеуді жою үшін термиялық өңделеді. Ферросилидті және «антихлор» құймалары өте сынғышты, сондықтан механикалық өңдеу, монтаждау және тасымалдау кезінде онымен мұқият жұмыс жасау керек [20, 21].

3.12. Тоттануға төзімді шойындар

Легірленген тоттануға төзімді шойындар тұрақты аустенитті матрицаның (жоғары никельді шойындар) түзілуі есебінен металл бетінде пассирлеуші қабықшаның түзілуін (жоғары кремнийлі шойындар) қамтамасыз етумен легірленген матрица (жоғары хромды шойындар) және графиттің түзілуінің алдын алу, не легірлеу есебінен тоттануға төзімділігі жоғары болады.

Жоғары хромды шойындар. Жоғары хромды шойындардың механикалық қасиеті өте жоғары. Созылу кезіндегі үзілудің уақытша кедергіліктің аз мәні $29\div 38 \text{ МПа}$ шегінде болады. Кейбір тоттануға төзімді шойындардың химиялық құрамы 3.38 кестеде, ал механикалық қасиеттері 3.39 кестеде келтірілген.

Тоттануға төзімді шойындардың химиялық құрамы

Шойын маркасы	Элементтер құрамы, %					
	C	Si	Mn	Cr	P	S
ЧХ22С	0,6÷1,0	3,0÷4,0	1,0	19,0÷25,0	0,10	0,08
ЧХ28	0,5÷1,6	0,5÷1,5	1,0	25,0÷30,0	0,10	0,08
ЧХ32	1,6÷3,2	1,5÷2,5	1,0	30,0÷34,0	0,10	0,08

Тоттануға төзімді шойындардың механикалық қасиеттері

Шойын маркасы	σ_b , МПа	$\sigma_{изг}$, МПа	НВ
	кем емес		
ЧХ22С	290	540	215÷340
ЧХ28	370	560	215÷270
ЧХ32	290	490	245÷340

25÷30%Cr және 2,7÷3,0%С құрамды шойын тығыздығы (7,4÷7,6)*10³ кг/дм³, сызықты шөкпе – 1,6÷1,9%. Осындай шойындардағы жылуөткізгіштік коэффициенті 176 Вт/м·°С, бұл сұр шойынның жылуөткізгіштігінен шамамен екі есе төмен.

Жоғары хромды шойындардан тұрақты жүктеме әсер етпейтін концентрленген азот және фосфорлы қышқылды аппаратура бөлшектері, абразивті қажалатын пешті арматура бөлшектері, ұсақ сортты стандартты өткізгішті арматуралары және т.б. жасалады.

Жоғары никельді шойындар. Ыстық беріктігі жоғары, магнитті емес, тозуға төзімді пластиналы және шар тәрізді жоғары никельді шойындар қауіпті газды ортада тоттануға төзімді болады. 3.40 кестеде никельді шойынның химиялық құрамы, 3.41 кестеде никельді шойындардың механикалық қасиеттері, 3.42 кестеде никельді шойындардың қолданыс аумағы келтірілген. Никель құрамының жоғарлауы және кремний құрамының азайуымен құрылымның аустенизациялануы жоғарлайды. Осыған мыс және никель әсер етеді. Шар тәрізді графиттің механикалық қасиетін алу кезінде шойынның механикалық қасиеті, әсіресе оның созылымдылығы қатты жоғарлайды.

Пластиналы және шар тәрізді графитті никельді шойындар беріктігі және қаттылығы хром құрамының көбейуімен жоғарлайды, ал шамалы созылымдылық төмендейді. Сонымен біргеникель құрамының жоғарлауы және оны жартылай марганецпен ауыстырған кезде беріктік мәні жоғарлайды.

Никельмен шойынды легірлеу λ және ρ төмендетеді; α мәні сол кезде және $20\%Ni$ $\alpha = (17\div 19) \cdot 10^{-6} \text{ 1/}^\circ\text{C}$ жоғарлайды. Әрі қарай никель мөлшерінің жоғарлауы, сонымен бірге хром және марганецпен легірлеу α мәнін $12,5 \cdot 10^{-6} \text{ 1/}^\circ\text{C}$ дейін төмендетеді, ал $35\div 37\%Ni$ кезінде аустенитті шойын (монивар деп аталатын) $0\div 200^\circ\text{C}$ температура аралығында ең төмен $\alpha = (1,5\div 2,5) \cdot 10^{-6} \text{ 1/}^\circ\text{C}$ мәнді болады. Бірақта температураның жоғарлауымен α мәні жоғарлайды. Жоғары никельді шойындардың меншікті жылу сыйымдылығы $0,11\div 0,12$ құрайды. пластиналы және шар тәрізді графитті жоғары никельді шойындар үшін λ мәні сәйкес 46 және 15 тең болады. Никельді шойындар тығыздығы $7,4\div 7,6 \text{ г/см}^3$ шегінде, ал никель-хромды (нихард түрлі) $7,6\div 7,8 \text{ г/см}^3$ шегінде ауытқиды.

Пластиналы және шар тәрізді графитті никельді шойындар магнитті емес, тоттануға төзімді, ыстық берікті және салқынды төзімді материал ретінде кеңінен қолданылады. никельді шойындар теңіз суында және $20\% NaCl$ ертіңдісінде жұмыс жасайтын бөлшектерді жасау үшін қолданылады.

Ыстыққа берікті шойындарға ұзақ шекті берікті және жылжымалығы кедергілігі жоғары, аустениті-карбидті матрицалы шар тәрізді графитті жоғары никельді шойындар жатады. Шар тәрізді графит және тұтқырлықты матрица жеткілікті механикалық қасиетті қамтамасыз етеді, ал жақсы құю қасиеттері осы шойыннан күрделі пішінді құймаларды алуға мүмкіндік береді.

Құрамындағы Ni 20% және қосымша хром және молибденмен легірілген шар тәрізді графитті аустенитті шойын, ыстыққа төзімді материал ретінде қолданылады, бұл жағдайда жартылай никельді марганецпен ауыстыру қажет емес, сонымен $Ni-Cr$ -шойынға қарағанда, $650\div 750^\circ\text{C}$ кезінде $Ni-Mn$ -шойынның жылжымалы жылдамдығы және қақ түзегіштігі біршама жоғары болады. Ауденситті шойындардың жылжымалық кедергілігін жоғарлату мақсатында, ол келесі ауада салқындатылумен төрт сағат ішінде $1020\div 1050^\circ\text{C}$ кезінде гомогенизирленген жасыту, кейін жоғары температуралы жұмсарту орындалады. мұнда қаттылық $170\div 250 \text{ НВ}$ ден $130\div 190 \text{ НВ}$ дейін, ал магнитті өткізгіштік минималды мәнге ($1,03\div 1,05$) жетеді. Қосарлы термиялық

өңдеу, ыстық берікті материалдар ретінде қолданылатын шар тәрізді графитті жоғары никельді шойындар үшін ғана қажет

3.40 кесте

Никельді шойындар құрамы, %

Шойын маркасы	C	Si	Mn	Cr	Ni	Басқа элементтер
Пластиналы графитті шойындар						
ЧНХТ	2,7÷3,4	1,4÷2,0	1,0÷1,6	0,2÷0,4	0,3÷0,7	Ti 0,12 дейін
ЧН1ХМД	2,8÷3,2	1,6÷2,0	0,9÷1,2	0,2÷0,6	0,7÷1,5	Mo 0,3÷0,6 Cu 0,2÷0,5
ЧН2Х	3,0÷3,6	1,0÷1,4	0,6÷1,0	0,4÷0,6	1,5÷2,0	-
ЧН15Д7Х2	2,2÷3,0	1,4÷2,0	1,0÷1,6	1,5÷3,0	14,0÷16,0	
Шар тәрізді графитті шойындар						
ЧН1МШ	3,2÷3,8	1,8÷2,8	0,8÷1,2	До 0,1	0,8÷1,4	Mo 0,3÷0,6
ЧН11Г7Х2Ш	2,5÷3,0	1,8÷2,5	5,0÷8,0	1,0÷2,5	10,0÷12,0	-
ЧН15Д3ХШ	2,5÷3,0	2,0÷2,5	1,3÷1,8	0,6÷1,0	14,0÷16,0	Cu 3,0÷3,5
ЧН19С4ХШ	2,1÷2,5	4,0÷5,0	1,5÷2,0	0,9÷1,5	18,0÷20,0	Cu 0,4 дейін
ЧН19Х3Ш	2,5÷3,0	1,8÷2,5	1,0÷1,6	1,5÷3,5	17,0÷20,0	-
ЧН20Д2ХШ	1,8÷2,5	3,0÷3,5	1,5÷2,0	0,5÷1,0	19,0÷21,0	Cu 1,5÷2,0

3.41 кесте

Негізгі никельді шойындардың механикалық қасиеттері

Шойын маркасы	$\sigma_{в^3}$ кгс/мм ²	$\sigma_{0,2^3}$ кгс/мм ²	$\delta, \%$	$E,$ кгс/мм ²	a_H (кертiкті), кгс*м/см ²	Қат- тылық НВ
1	2	3	4	5	6	7
ЧНХТ	>24	-	-	-	-	220÷286
ЧН1ХМД	>30	-	-	-	-	220÷286
ЧН2Х	>32	-	-	-	-	209÷260
ЧН15Д7Х2	>18	-	1,5	-	-	180÷200
ЧН19Х3	>18	-	-	-	-	209÷255
ЧН11МШ	>25	-	>1,5	14000÷15000	-	220÷286

3.41 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
ЧН1Г7Х2Ш	>40	-	>4,5	15000÷16000	2,0÷4,0	209÷255
ЧН15Д3Х2Ш	>35	-	>4,0	-	-	209÷255
ЧН20Д2ХШ	>40	>20	>30	-	>4,5	140÷170
ЧН19Х3Ш	>40	-	5	-	-	209÷255
ЧН19С4ХШ	>40	-	2	-	-	209÷255

3.42 кесте

Никельді шойынды құймалардың
үлгілік қолданыс аумағы

Шойын маркасы	Қолданысы және пайдалану жағдайы	Сипатты бөлшектер атауы
1	2	3
Пластиналы графитті шойын		
ЧНХТ	Поршеньді іштен жану қозғалтқыштарының бөлшектері, газмотокомпрессорлар, оның ішінде газды орта және сулы ертінділерде тозу жағдайында жұмыс жасайтын целлюлозды-қағаз өндірісі үшін	Газмотокомпрессорлар және дизель клапанының бағыттаушы төлкелері және ері, майлы алмалы-салмалы сақиналар және поршеньді компрессорлардың маслоты; тегістеу пресінің бөлшектері және қағаз жасайтын машиналардың ұсақтау диірменінің гарнитурасы
ЧН1ХМД	Поршеньді машиналар, іштен жану қозғалтқыштарының бөлшектері және компрессорлары, газды тоттану (отынның жану өнімі, техникалық оттегі) және тозу жағдайында жұмыс жасайтын	Бу машиналары және турбинлары, іштен жану қозғалтқыштарының газ шығатын келте құбырлары, цилиндрлер қақпақшалары және блоктар; темловоз және кеме дизельдерінің поршеньдері және бу машиналарының цилиндрлерінің гильзалары, оттекті және газмотокомпрессорлар бөлшектері

1	2	3
ЧН2Х	Жоғары механикалық қасиетті құймалар үшін, тоттану төзімділігі және тозу кедергілігі жоғары	Тісті дөңгелешелердің әртүрлі түрлері, қозғалтқыштар цилиндрлері, абразивті дискілер, дросельдер және т.б.
ЧН15Д7Х2, ЧН19Х3	Теңіз суы, су буымен артық қызған ортада 50°C температураға дейін кез-келген концентрациялы күкіртті қышқыл ертіндісіне, әлсіз қышқылды ертіндісіне, сілтіде тоттану және мүжілуі төзімді бөлшектер үшін	Арматуражасау және мұнай өңдеу және химиялық өнеркәсіпті сораптар, вентиль және т.б. бөлшектер
Шар тәрізді графитті шойын		
ЧН1МШ	ЧН1ХМД және ЧН2Х шойынды, бірақта механикалық қасиеттері жоғары және 500°C дейінгі температура кезіндегі термотөзімділікті бөлшектер үшін	Қақпақшалар және дизель цилиндрлерінің түбі, поршеньдер қақпақшалары, поршеньді сақина маслоты
ЧН15Д3ХШ	Теңіз суы, су буымен артық қызған ортада 50°C температураға дейін кез-келген концентрациялы күкіртті қышқыл ертіндісіне, әлсіз қышқылды ертіндісіне, сілтіде тоттану және мүжілуі төзімді бөлшектер үшін. Хром құрамын аз кездегі магнитті емес, термиялық кеңейу коэффициенті жоғары шойын	Арматуражасау және мұнай өңдеу және химиялық өнеркәсіпті сораптар, вентиль және т.б. бөлшектер; электртехникалық өндірісті магнитті емес құйылған бөлшектер; іштен жану қозғалтқыштарының газ шығатын коллекторлары және клапандардың бағыттаушы төлкелері және ері, поршень қақпақшалары, цилиндрлер гильзасының ендімесі
ЧН11Г7Х2Ш, ЧН19Х3Ш	Для жаропрочных и ростостойчивых деталей, работающих под нагрузкой при повышенных температурах (до 600°C), а также деталей, работающих в щелочных	Газ шығатын коллекторлар, бағыттаушы клапандар, турбоайдағышты және газды трубиналар корпусы, поршень қақпақшасы, сораптар корпусы,

1	2	3
	средах, в пищевой промышленности, при изготовлении искусственного шелка и пластмасс	вентиль және магнитті емес бөлшектер
ЧН20Д2ХШ	-110°С дейін температура кезіндегі жүктемемен жұмыс жасайтын магнитті емес бөлшектер	Мұнай өңдейтін және қайта өңдейтін өнеркәсіп сораптары және т.б. бөлшектер, отынды арматура бөлшектері, тоңазтқышты техника, газды жағуға арналған компрессорлар
ЧН19С4ХШ	Ыстыққа төзімділігі жақсы және сүскірт қышқылы, теңіз суында араласқан тотану төзімділігі жоғары бөлшектер үшін. Перлитизациялануға қатысты 500÷600°С температура кезіндегі жұмыс үшін жарамсыз	Мұнай өңдейтін және химиялық өнеркәсіпті жапқыштар, вентиль, сораптар, клапандар, өндірістік пештер жапқыштары, ішкі жану қозғалтқышының бөлшектері

Басқа мақсатта қолданылатын шойындарда тек ғана гомогенизирлейтін жасыту орындалады. шетелде никельді маркалы шойындардың үлкен мөлшері қолданылады, өте маңызды, никель құрамы 20% жоғары, мысалы, L.NiCr30.3, L.Ni35, S.Ni22, S.NiMn23.4, S.NiCr30.1 (сонымен бірге S.NiCr30.3 және S.NiCr30.5.5), S.Ni35, S.NiCr35.3 (мұнда – L пластиналы графит белгіленеді, S – шар тәрізді, бірінші цифр никельге қатысты, екінші – екінші легірлеуші элементке – Mn, Cr).

Бұл шойындар аустенитті сыныпты және келесі қасиеттермен сипатталады:

- L.NiCr20.2 және L.NiCr20.3 шойындар 600°С дейін ыстық төзімді және өсуі тұрақты, сілтіде тотануға төзімді;
- L.NiSiCr20.5.3 шойын теңіз суына және араласқан күкірт қышқылына тұрақты;
- L.Ni35 және L.NiSiCr30.5.5 шойындар шар тәрізді графитті шойынға ұқсас, аз сызықты кеңейу коэффициенті кезінде $\alpha = (5\div 6) \cdot 10^{-6} \text{ 1/}^\circ\text{C}$ тоттануға төзімді және 800°С кезінде жылу соққысына қарсы тұрақты;

- S.Ni22 және S.NiMn23.4 шойындар -196°C температура кезінде жүктемемен жұмыс жасау кезінде жарамды және т.б..

Аустенитті никельді шойындардың сызықты кеңейу коэффициенті никель құрамына тәуелді. 20%Ni шойын $\alpha = (17\div 19) \cdot 10^{-6}$. Әрі қарай никель құрамы жоғарлаған кезде марганец және хроммен легірлеу коэффициенті $12,5 \cdot 10^{-6}$ дейін төмендейді.

35%Ni $\alpha = (1,5\div 2,5) \cdot 10^{-6}$ кезінде, бұл дегеніміз күрт төмендейді дегенді білдіреді. Жоғары никельді шойындардың меншікті жылусыйымдылығы $0,11\div 0,2$ кДж/кг·К. Жоғары никельді шойындар тығыздығы $(7,4\div 7,8) \cdot 10^3$ кг/м³ шекті болады. Аустенитті жоғары никельді шойындар хромның төмен (2% кем) құрамы кезінде магнитті емес болады [20, 21].

3.13. Магнитті емес шойындар

Магнитті емес шойындарға, перлитті матрицалы (ЧГ8Д3, ЧН11Г7Ш) шойындармен салыстырғанда магнитті өткізгіштігі жүз есе төмен шойындар жатады. Пластиналы және шар тәрізді графитті, аустенитті матрицалы жоғары марганецті, жоғары никельді, никель-мараганецті шойындар әлсіз магнитті (магнитті емес) болады. Осы шойындар магнитті емес материал ретінде, ватты шығындар не магнитті өрістің бұрмалануы минимумды болу қажет жағдайда электртехникалық құю өндірісінде қолданылады. магнитті шойындардан майлы ажыратқыштар төлкелері және қаптамалары, қақпақтары, күшті трансформаторлар құрсамасы, роторлар және статорлар қақпақшалары, ішкі маховик, электрлі машиналардың орамы және шина ұстағышы, кейбір электрмагнитті көтеру бөлшектері, магнитті сепараторлардың корпусы және қақпақтары және басқа бөлшектері, электрлі аппараттардың, машина, аспаптардың әртүрлі бөлшектері жасалады [20, 21].

3.14. Қарсы фракциялықты шойындар

Қарсы фракциялық қортыпалар майлаумен үйкеліс тораптарында қолдануға арналған, үйкелісетін бөлшектердің, жұмысқа жаттығу кезеңінде және келесі пайдалану кезінде қажалусыз және кетіктердің қалыптасуынсыз, сонымен бірге тозуға төзімділікті жоғарылықпен қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Олар қарсы денемен (әдетте болатпен) жұпта жұмыс жасау кезінде төмен үйкеліс

коэффициентімен сипатталады және температура және сырғанау жылдамдығы, жүктеменің кең диапазонында үйкеліс бетінде майлау қабыршағының сақталуын қамтамасыз етеді. Құрылымында пластиналы, жинақты және шар тәрізді графитті қоспа құрылымды қарсы фракциялық шойындар, толығымен аталған талаптарға жауап береді. Перлитті, перлит-ферритті және аустенитті құрылымды металды негізді осы шойындардың үйкеліс және тозу төзімді кезде оларға салмақ түсетін жақсы қабілеттілікті қалыптастырады. Қарсы фракциялы шойындардың қосымша тозу төзімділігінің жоғарлауы цементит және фосфидті эвтетиканың мөлшері оның құрылымында шамалы болуымен қамтамасыз етіледі.

Қарсы фракциялықты материалды таңдау кезінде үйкелісетін беттердің артық қызуын болдырмау және үйкелістегі шығынды төмендету мақсатында үйкеліс коэффициентінің аз шамасы қамтамасыз ету қажет. Қарсы фрикциялықты шойыннан үйкеліс торабының әртүрлі бөлшектері (төлке, төсем, сырғанау подшипнигі, тығыздық, дөңгелекшелер) жасалады; тау-кенді және көмірлі жабдықтар, құрылыс және жол машиналар, тракторлар және экскаваторлар, ауылшаруашылықты машиналар; турбинаның кейбір үйкелісетін бөлшектер, компрессорлар, қозғалтқыштар және сораптар.

Марганецті шойын. Марганецті шойын, негізінен, қарсы фракциялы және магнитті емес материалдар ретінде қолданылады. егер марганец құрамы 7% артық құрамды болған кезде графитизациялану күрт тежеледі. АЧС-5 маркалы қарсы фракциялықты шойын қалыптандырылған не шыңдалған білікпен жұпта жүктелген үйкеліс тораптарда жұмыс жасауға арналған.

Пластиналы және шар тәрізді графитпен тозуға төзімді шойындар 45Г2 шыңдалған болатты маркалы дөңгелекшелер жұбындағы құрғақ сырғанау үйкелісі кезіндегі құрсама салмағының шығыны өлшенеді. Әрі қарай тозудың 1,5÷1,8 есе азайуына қосымша молибденмен легіріленген шойын, сонымен бірге кешенді легіріленген марганец және кремниймен (3,6%С, 4%Si, 5,5%Mn) әсер етеді. Шар тәрізді графитті шойын цариймен модифицирленеді.

Марганецті шойын магнитті емес материал ретінде негізінен 10÷12%Ni және 5÷6%Mn құрамды шойын қолданылады, әдебиетте «номаг» деген атаумен белгілі аустенитті құрылымды қамтамасыз ету үшін құйма қабырғаларының қалыңдығына қатысты әртүрлі құрамды марганец және басқа элементтер ұсынылады:

Қалыңдық, мм	5÷10	10÷20	20÷30	30÷40	40÷60
Mn, %	7,5÷8,5	8,5÷9,5	9,5÷10,5	10,5÷11,5	11,5÷12,2

Құрамында карбидтің болуына қатысты марганецті шойындардың өңделуі қиын. Сондықтан әдіпті өңдеу аз болуы керек, егер бұл мүмкін болған жағдайда, абарзивті инструментпен өңдеу және ажарлау ғана қарастырылған.

Марганецті шойынның сұйықты аққыштығы толығымен қанағаттанарлықты, бірақта ол жоғары көлемді және сызықты шөкпелі болады, сондықтан, шөкпелі ақаулықтар және жарықшаның түзілуіне қатысты бейімді [20, 21].

3.15. Конструкциялықты алюминді шойынның сипаттамасы жәнеоның химиялық құрамының құйманың қасиетіне әсері

Конструкциялық алюминді шойын құрамындағы Al 4% дейін болады. Құйылған микроқұрылымда ($Si \leq 1,0\%$ кезінде) графитті кристаллиттер пішіні вермикулярлығы қатысты жақын, силикокальций ($0,1\%$ дейін) не силикомешметалмен ($0,5\%$ дейін) модифицирлеу кезінде өте жинақты және шар тәрізді болады. Құрылымдағы шар тәрізді графитті тұрақтылықты алу лигатурамен не балқымалардың кешенді модификаторлармен модифицирлеу кезінде алынады, сонымен құрылым алюминий және кремнийге қатысты тәуелді болады.

Конструкциялық алюминді шойындардың механикалық қасиеті салыстырмалы шамалы дәрежеде оның көміртекті ($3,0 \div 3,5\%$) және алюминий ($2,0 \div 3,0\%$) құрамына қатысты тәуелді, бірақта кремний қортпасындағы концентрациясына қатысты өте сезімталды болады. Берікті, тұтқырлықты және созылмалығының үйлесімді қолайлы өте сипаты алюминді шойында ондағы $\leq 1,0\% Si$ құрамы кезінде модифицирлеумен орындалады.

Тең беріктік кезінде алюминді шойын қалыпты шойыннан өте төмен қаттылықпен ($40 \div 60$ НВ) ерекшеленеді. $-80^\circ C$ дейін температура төмендеген кезде төмен құрамды кремний ($0,5\%$ дейін) және фосфорлы ($0,05\%$ дейін) алюминді шойынның соққы тұтқырлығы іс жүзінде өзгермейді. Марганец беріктік және қаттылықтың ($10 \div 15\%$) жоғарлауына әсер етеді және соққы тұтқырлығын төмендетеді, егер оның концентрациясы $0,8 \div 1,2\%$ артық болмаған жағдайда. Бірдей қолданысты қалыпты шойынға қарағанда алюминді шойындағы фосфор құрамы үлкен мөлшерде ($1,5 \div 2,0$ есе) болады.

Si+Al (құйманың ≥ 60 мм диаметрі кезінде $\geq 5\%$) үлкен мөлшерлі шикізатты күйдегі алюминді жоғары берікті шойындардан ферритті матрицаны алу үшін, өте жоғары тұтқырлықты сипатта ($a_n \geq 6 \div 8$ кгс·м/см²) Si:Al $\approx 1:1$ концентрациясының арақашықтығы кезінде орындалады.

Алюминді конструкциялық шойындар никельмен (0,8÷1,5% дейін), мыспен (0,6÷0,8% дейін), хроммен (0,2÷0,3% дейін), ванадий не титанмен (0,2÷0,4% дейін) және молибденмен (0,2÷0,4% дейін), негізінен бастапқы құрылымдық түзілімді ұсақтау және әртүрлі қималы құйманың біртекті микроқұрылымын алу үшін легіріленеді. Осы шойындар әртүрлі термиялық өңдеумен өңделеді. Вермикулярлы және шар тәрізді графитті төмен кремнийлі алюминді шойындардың шыңдалуы, әдеттен 1,5÷2,0 есе артық, Mn, Cu, Cr және Mo легірлеу кезінде өседі, бұл жақсарту орнына қалыптандырумен (қалыпты не жоғары температуралы) бірге беріктендіру түрдегі термиялық өңдеу қолданылады.

Алюминді шойынның физикалық қасиеті: $\gamma = 7,0 \div 7,1$ г/см³; $\alpha_{20}^{100} = 11,5 \cdot 10^{-6}$ 1/°C; $\alpha_{20}^{700} = 14,7 \cdot 10^{-6}$ 1/°C; $\rho = 80$ мкОм·см; $\lambda = 0,2$ кал/см·с·°C 100°C кезінде және 500°C кезінде $\lambda = 0,1$ кал/см·с·°C.

Конструкциялықты алюминді шойындар келесі өндіріс салаларында қолданылады:

- автожасау салаларында – шасси бөлшектері және жүкті автотомобильдер ілгішті, газ шығатын коллекторлар түріндегі жұқакабырғалы құйма, төлке, иінтірек және т.б., шасси бөлшегі және жеңіл автомобильдің корпусты бөлшектері, автоматтандырылған қорап бөлшектері;
- ауылшаруашылықты машинажасау салаларында – шасси бөлшектері, корпусты бөлшектер, орташа ауылшаруашылықты құйма;
- ұсақ құйма – фитинг. Тығын, барашка және т.б.

Мұндай шойындарды қорғу үшін вагранка және электрлі пештер қолданылады. соңғы жағдайда алюминий тікелей шихта құрамына енгізіледі, сонымен күйік 15÷20% құрайды. Шихтаның негізгі бөлігі ретінде аз кремнийлі құйылған және қайта өңделген шойындарды пайдалану пайдалы. Жауапты қолданысты құйманы алу үшін синтетикалық алюминді шойындарды («синтегаль») пайдалану тиімді [20, 21].

3.16. Шойынды құйманы алудың технологиялық ерекшеліктері

Шойынды қорту. Құю өндірісінде 90% артық шойын вагранка деп аталатын пеште қортылады. Вагранка биіктігі (тиеу терезесіне дейін) 3÷10 м, ішкі диаметрі 700÷2500 мм. Шойынды құюға арналған металды шихта доменді шойын, доменді феррокортпалар, шойынды және болат қалдығы, жоңқа және өндірістік қайтармадан (құюжолы. Кіріс, ақаулықты құйма) құралады. Шойынды қортуға арналған отын ретінде негізінен кокс, кейде тас көмір не термоантрацит, сонымен бірге аралас отын, кокс және табиғи газ қолданылады. флюстер ретінде әк, плавикті шпат, доломит, апатит қолданылады.

Шойынды вагранкада қорту біршама жетілдірілген. Жетілдірілген конусты профилді шахтамен, футерлеусіз сумен салқындалатын қорту аймақты, арнайы сифон көмегімен шойын және шлак бөлінетін конструкциялы вагранкалар кеңінен қолданылады. Салқындай үрлеумен бірге ыстықтай оттегімен байытылған ауа қолданылады. бұл қорту процесін қарқындалтуға, вагранка өнімділігін жоғарлатуға, қымбат және тапшы кокс шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Индукциялық және доғалы электрлі пештерде шойынды қорту – тазалау, жоғары берікті және басқа сапалы шойындарды өндірудің маңыздылығы үлкен мәнді. Ең жетілдірілген индукциялықты пеш (тигельді) дәлді химиялық шойын құрамын алуды, оны тазалауды, жоғары артық қыздыруды қамтамасыз етеді. Өндірісте сонымен бірге дуплекс-процесс қолданылады, онда вагранкада шойын қортылады, ал оны жеткізу, тазалау, артық қыздыру индукциялық пеште орындалады. Сондай тәсіл аз электрэнергия шығыны кезінде жоғары сапалы шойынды алуға мүмкіндік береді. Аралас қорту: доғалы пеш – индукциялы тигельді пеш және дуплекс-процестің басқа нұсқалары қолданылады.

Шихтаның металды бөлігі құйылған және қайта өңделген шойыннан, өндірістік қайтарымнан, болатты скрап, феррокортпалар қоспасы және т.б. құралады. Шихтаға арнайы брикет түріндегі кремний карбидін қосқан кезде газбен ерітілген металды қоспа, тотық бойынша шойын тазалығы біршама жоғарлайды. Негізгі отын – төмен құрамды күкіртті құю коксы, ол қорту кезінде жартылай металға өтеді. Флюс ретінде әдетте әк қолданылады. вагранкаға шихталы материалдар жоғаудан тиеу терезесі арқылы тиеледі. Ауалы үрлеу пештің төменгі бөлігіндегі фурма арқылы беріледі. Қортылған шойын және шлак

көрікке және әрі қарай жинағышқа ағады, мұнда шойынның химиялық құрамы орташаланады. Пешті газдар жалын сөндіргіштен құбырға жіберіледі.

Фурмадан биік 600÷800 мм деңгейде дейін вагранканың төменгі бөлігінде жұмыстың алдында кокс тиеледі және бос колошты түзеумен жағылады, оған кезекпен қортылатын металл мөлшері, кокс және әк және тиеу терезесіне дейін тиеледі.

Қортылған шойын құб шөмішіне ағызылады, тесумен және қайтадан қолмен шойын ағатын тесік бітеледі. Шлак қажетті мөлшер бойынша шлакты ағызатын тесік арқылы ағызылады.

Құд қалыптардың ерекшеліктері. Қалып материалдарын таңдау кезінде сұр және жоғары берікті шойындар үшін құю кезінде қортпа температурасы ескеріледі, 1200÷1400°C сұр шойын үшін, артық қызмен құю жағдайында – 1450÷1500°C. «ыстық» шойын кезінде қалыпты және өзекшелі қоспа, қалыптау бояу және т.б. жоғары термохимиялық тұрақтылық жоғары болады.

Құюжолды жүйелерді таңдау кезінде шойынның сұйықты аққыштығы және аз шөгуі ескеріледі. Қарапайым құйма үшін құюжол бір қоректендіргішпен жасалады. Көптеген жағдайда шойын құйманың жұқа қималарына жеткізіледі. Үлкен және күрделі құймалар кезінде қалыптың барлық бөліктері бірқалыпты толу үшін бірнеше қоректендіргішті құюжол жүйесі қолданылады.

Ақ шойынның сұйықты аққыштығы төмен және оны құю алдында 1450÷1500°C дейін қыздырылады, сондықтан қалыптау қоспасының күйіктілігі жоғары болады. Осы шойынның үлкен шөуіне қатысты қалыптау қоспасының бейімділігі жоғары болады. Қалыптардың кірісі үлкен.

Қалыпқа шойынды құю. Үлкен емес қалыптар сыйымдылығы 15÷50 кг қолды шөміштен құйылады. Өте үлкен қалыпты құю үшін сыйымдылығы 5 т дейінгі барабанды түрлі механизацияландырылған шөміш құйылады. Мұндай шөміштерде шойынның шайқалу мүмкіндігі аз және ашық бетті шөмішке қарағанда шойын баяу салқындайды. Шөмішке шлактың түсуін болдырмау үшін шлакты ұстағышты аралықтар қолданылады.

Шөміш қаптамасы табақты болаттан жасалады, оның іші отқа төзімді шамотты массамен, үлкен шөміштер – шамотты кірпішпен футерленеді. Футерленген шөміш кептіріледі және қортпаның салқын-дауының алдын алу үшін 600÷800°C дейін қыздырылады [6, 18].

4 БӨЛІМ. ТҮСТІ МЕТАЛДАР ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕГІ ҚОРТПАЛАР

4.1. Кіріспе түсініктеме

Түсті металдар және оның негізіндегі қорТПалар өндірістің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Алюминді, магнийлі және титанды қорТПалар авиациялық өнеркәсіпте кеңінен қолданылады. Сонымен бірге олардың негізіндегі жеңіл металдар және қорТПалы бұйымдар құрылыс, көлікті машинажасау, аспапжасау және өнеркәсіптің басқа салаларында кеңінен қолданылады. Мыстың электрөткізгіштігі жоғары сондықтан электртехникада кеңінен қолданылады; ол көптеген маңызды өндірістік қорТПалар негізі саналады. Көптеген ыстық төзімді, ыстық берікті және электртехникалық қорТПалардың негізі никель саналады. Біруақытта ол жиі арнайы болаттарда легірлеуші элемент ретінде қолданылады. Жаңа техника үшін конструкциялық материалдар ретінде қортылуы қиын металл (вольфрам, молибден, ниобий, хром және т.б.) және оның негізіндегі қорТПалар қолданылады.

4.2. Алюминий және оның негізіндегі қорТПалар

4.2.1. Алюминийдің физика-химиялық қасиеті

Алюминий – күмісті ақ түсті металл. Балку температурасы 660°C. ГЦК торлы, $a = 0,4041$ нм. Тығыздығы төмен $2,7$ г/см³, Алюминий жер қыртысында үлкен мөлшерде (8,8%) кездеседі. Тазалыққа тәуелділікте алюминий бөлінеді:

- ерекше таза А999 (99,999%Al);
- жоғары тазалықты А995 (99,995%Al), А99 (99,99%Al), А97 (99,97%Al), А95 (99,95%Al);
- техникалық тазалықты А85, А8, А7, А6, А5, А0 (99,0%Al).

Алюминийде қоспа ретінде беріктенетін аймақты және фазаны қалыптастыратын Fe, Si, Cu, Mn, Zn, Mg, Ni элементтер болады. Mn және Mg металдар біруақытта тотану төзімділігін жоғарлайды. Кремний құймалы алюминді қорТПалар (силуминдер) қатарында, эвтектикалардың түзілуіне қатысады, негізгі легірлеуші элемент саналады. Ni, Ti, Cr, Fe металдар қорТПалардың ыстық беріктілігін жоғарлатады, диффузиялық процесті тежейді және тұрақты күрделі легірленген беріктендіргішті фаза түзіледі. ҚорТПадағы литий оның

серпімділік модулінің өсуіне әсер етеді. Сонымен қатар магний және марганец алюминийдің жылу- және электрлі өткізгіштігін, ал темір – оның тотану төзімділігін төмендетеді.

Алюминийдің бетінде Al_2O_3 жұқа қабыршақтың түзілу әсерінен оның тоттану төзімділікті жоғары алюминий қаншалықты таза болса, соншалықты оның тоттану төзімділігі жоғары болады. Салқындай пластикалық деформациялану техникалық алюминийді беріктету $\sigma_b = 150$ МПа, $\delta = 6\%$, АДМ – жұмсақ не күйдірілген босандатылған $\sigma_b = 8$ МПа, $\delta = 35\%$ беріктік шегін 150 МПа дейін жоғарлатады, бірақта салыстырмалы жіңішкеру 6% дейін төмендейді. Алюминий қысыммен, жеңіл өңделеді, кесумен өңдеу қиындау, барлық дәнекерлеу түрімен дәнекерленеді.

Жоғары тазалықты алюминий фольга, ток өткізгіштер және кабельді бұйымдарды өндіру үшін қолданылады. Техникалық алюминийтабақтар, профилдер, шыбықтар, сымдар және т.б. жартылай дайын өнімдер түрінде жасалады және АД0 және АД1таңбалады. Техникалық алюминийдің төмен беріктігіне қатысты, жоғары созылмалық қажет ететін жүктеме әсер етпейтін, дәнекерленуі жақсы, тоттану кедергілігі, жылу өткізгіштігі және электр өткізгіштігі жоғары конструкция элементтерін және бөлшектерін жасау үшін қолданылады. Техникалық алюминийден әртүрлі құбыржолдар, палу-балы, теңізді және өзен кемелері, кабельдер, электрсымдар, бөлме аралықтары, есіктер, рамалар, ыдыстар, сүтке арналған цистерна жасалады [1, 10].

4.2.2. Алюминийлі қорtpпалар жіктемесі және таңбалануы

Алюминий қорtpпаларының барлық қайта өңдеу сатысында технологиялығы жақсы, жеткілікті беріктік, созылмалық және тұтқырлық кезінде тығыздығы аз, тоттану төзімділігі жоғары, авиациялық, кеме-жасау, автожасау, құрылыс және халықшаруашылығының басқа саларында кеңінен қолданылады, осыған байланысты:

1) жоғары созылмалық алюминді табактан терең штамптау, аз қалыңдықты таптаумен бөлшектер (кәмпитті орауға арналған фольга) жасалады;

2) алюминийдің жоғары электрөткізгіштігі (мыстан 65%) электр-техникалық мақсатта қолдануға (өткізгішті металл) мүмкіндік береді;

3) алюминий органикалық қышқылдарға тұрақты, тотану төзімділігі жоғары, осыған қатысты алюминді бұйымдар кеңінен қолданылады.

Al-Cu, Al-Si, Al-Mg, Al-Cu-Mg, Al-Cu-Mg-Si, Al-Zn-Mg-Cu, Al-Mg-Si қортпа жүйелері кеңінен қолданылады. Бұл қортпалар тепе-теңдікті жағдайда төмен легіріленген қатты ертінді және интерметаллидті фазалар түрінде қолданылады. Барлық алюминді қортпаларды былайша бөлуге болады:

- **деформацияланатын**, жартылай дайын өнімдер (табақтар, плита, шыбықтар, профилдер, құбыр және т.б.), сонымен бірге шыңдалғы және штампталған дайындама таптау, престеу, соғу және штамптау тәсілімен алынады;
- **құйылған**, пішінді құюға арналған.

Деформацияланатын қортпалар термиялық өңдеумен беріктену қабілеттілігі бойынша бөлінеді:

- **термиялық өңдеумен беріктенбейтін қортпалар**;
- **термиялық өңдеумен беріктенетін қортпалар** (20°C және жасанды кезіндегі шыңдалу сонымен бірге табиғи ескіру).

Деформацияланған және құймалы қортпалар арасындағы шекара эвтектикалық температура кезінде қатты ертінділермен қанығу шегімен анықталады. Жоғары температура кезінде компонентті құрамды қортпалардың еру шегі аз, осындай температура кезінде созылмалық ең үлкен және беріктік ең аз болады, сондықтан қысыммен ыстықтай өңделеді.

Эвтектикалық құрылым созылмалықты, престелу, тапталу, соғылу қабілеттілігін күрт төмендетеді және эвтетикалық біршама мөлшерінде (әдетте үлкен емес) мұндай өңдеу жүзеге асырылмайды. Тұрақты температура кезінде (таза металдар, эвтектикалық қортпалар) кристаллизацияланатын металдардың сұйықты аққыштығы жақсы болады. Жоғары температура кезінде еру шегінен артық өту кезінде сұйықты аққыштық күрт жоғарлайды.

Алюминийлі құймалы қортпалардың құйылу қасиеттері жақсы, олардың сұйық аққыштығы жоғары, құйына қалпы бойынша жұқақабырғалы және күрделі құймаларды алуды қамтамасыз етеді. Қортпалардың қортылу температурасы төмен: 550÷650°C, көптеген қортпалардың желісті шөгуі 1,0÷1,25% құрайды.

Барлық алюминийлі қортпалар бес негізгі топқа (4.1 кесте) бөлінеді [1, 2, 10].

Қазіргі уақытта қортпаларды таңбалау кезінде үш түрлі таңбалау қолданылады: ескі әріпті-цифрлі, цифрлі және легіріленген болаттарды таңбалау қағидасына негізделген 1583-93 МЖСТ бойынша құймалы алюминийлі қортпаларды әріпті-цифрлі таңбалау орындалады.

Стандартты алюминийлі қорtpалар жіктемесі

Топ	Жүйе	Қорtpа маркасы	Қорtpа сипаттамасы
I	Al-Mg Al-Mg-Mn-Si Al-Mg-Si-Mn Al-Mg-Si-Ti-Be Al-Mg-Be-Ti	АЛ8 АЛ13 АЛ29 АЛ22 АЛ23, АЛ27	4%Mg артық құрам кезінде қорtpалардың тығыздығы минималды және тоттану төзімділігі жақсы
II	Al-Si Al-Si-Mg Al-Si-Mn-Mg	АЛ2 АЛ9, АЛ9В АЛ4, АЛ4В	5%Si артық қорtpа құрамы кезінде жоғары құймалы қасиетті
III	Al-Cu Al-Cu-Mn-Ti	АЛ7, АЛВ АЛ19	4%Cu артық құрамды қорtpаның құйылу қасиеті төмен. Бұл қорtpалар жоғары берікті қасиеттерімен ерекшеленеді
IV	Al-Si-Cu	АЛ3, АЛ5, АЛ6, АЛ10В, АЛ14В, АЛ4М, АЛ32, В124 және т.б.	Құймалы қасиеттер бойынша Al-Si-Mg жүйелі қорtpалар нашар, бірақта олардың беріктігі және ыстықты беріктігі жоғары
V	Сложная	АЛ1, АЛ16В, АЛ17В, АЛ1В, АЛ20, АЛ21, АЛ24, АЛ25 АЛ26, АЛ30	Қорtpалардың ыстық беріктігі жоғары және құю қасиеті төмен

Ескерту: 1. Теңізді ортада жұмыс жасайтын бөліктерге арналған қорtpаларды қолдану кезінде АЛ2маркалы қорtpада мыс құрамы 0,3% артық емес, АЛ28 маркалы қорtpада – 0,1%.

2. АЛ7 және АЛ7В маркалы қорtpаны кокильде құюға арналған қорtpаларды қолдану кезінде шақтамалы кремний құрамы 3% дейін, АЛ22 маркалы қорtpада титан болмайды.

3. АЛ11 маркалы қорtpада қысыммен құю кезінде қорtpаларды қолдану кезінде шақтамалы магний болады, АЛ22 маркалы қорtpада шақтамалы 0,8÷1,6%Si құрамды, 0,5%Mn дейін және титан болмайды.

4. АЛ3В, АЛ9В және АЛ14В маркалы қорtpалы тамақты ыдыстар үшін қолданылатын қорtpа кезінде қорғасын құрамы 0,15% артық емес, мышьяк 0,015% және мырыш 0,3%.

Бірінші А әрпі қортпа негізін – Al, келесі әріп негізгі легірлеуші элементтің атауының бірінші әрпіне сәйкес (К – кремний, М – мыс, Mg – магний, Mn – марганец, Ni – никель, Cu – мырыш) жазылады. Өріптен кейін жазылатын санмен сәйкесті компоненттің орташа құрамы (салмақ бойынша %) жазылады. Егер қортпа құрамындағы легірлеуші элемент 1% кем болғанда, онда осы элемент белгіленетін әріп таңбалау кезінде жазылмайды. Таңбалау кезінде қолданылатын әріптер «ч» (таза) және «оч» (ерекше таза) темір және кремний қоспалары бойынша қортпалардың жоғары тазалығы жайлы ақпарат жазылады.

Осымен қатар, сапалы механикалық, химиялық және басқа қортпалардың, жартылай дайын өнімдер және бұйымдардың технологиялық өңделуінің әріпті-цифрлі таңбалануы жазылады [10].

4.2.3. Термиялық өңдеумен беріктенбейтін деформацияланатын алюминий қортпалары

Al-Mn (AMn) және Al-Mg (AMg) осы жүйенің қортпаларына жатады. Олар салыстырмалы жоғары емес беріктік, жоғары созылмалық және тотану төзімділігімен сипатталады. Бұл қортпалар қысыммен (штаптау, ию) жақсы өңделеді, жақсы дәнекерленеді және тотану төзімділігі жақсы болады. Кесумен өңдеу қиын. Олар терең штамптаумен алынатын бұйымдар үшін жоғары созылмалық қажет жағдайда қолданылады. Қортпалар шамалы жүктеме әсер ететін дәнекерленген және тойтарылған конструкция элементтері үшін қолданылады.

Марганец алюминийлі қортпалардың тотану тұрақтылығын ғана төмендетпейді, сонымен бірге оны біршама жақсартады. Сондықтан Al-Mn жүйесінің қортпалары таза алюминийден жоғары беріктігі және тотану төзімділігі бойынша ерекшеленеді. Магний пайдалы легірлеуші элемент. Ол тотану кедергілігін (магний құрамы 3% артық емес) жоғарлатады; алюминийлі қортпалардың (ол алюминийден жеңіл) тығыздығын төмендетеді, оның созылмалығын төмендетпей, берікті жоғарлатады. Сондықтан Al-Mg жүйелерінің қортпасы кеңінен қолданылады, олар таза алюминийге қарағанда өте берік және жеңіл болады. Беріктену беріктетумен жасалады.

AMn, AMg2, AMg3 қортпалары сұйық сыйымдылықтарын (бензинге арналған бактар), құбыржолдарды, есік және т.б. жасау үшін қолданылады.

AMg5, AMg6 қортпалары орташа жүктелген бөлшектерді (рама және вагон шанақтары, лифтер, көтеру крандарының тораптары және т.б.) жасау үшін қолданылады [1, 2, 10].

4.2.4. Термиялық өңдеумен беріктенетін, деформацияланатын алюминийлі қорғалар

Al-Mg-Si (AB, АД31, АД33) қорғалар жүйесі шыңдалумен (520÷530°C) және жасанды ескірумен (150÷170°C 10÷12 сағат ішінде) және беріктендіріледі. Бұл қорғалар материал күйіне қатысты тәуелділіктен тыс кернеу астында шытынаумен отануға қатысты бейімді емес. Олар шыңдалу және ескірген күйде кесумен өңдеу қанағаттандырылады, сонымен бірге нүктелі, тігісті және аргонды-доғалы дәнекерлеу көмегімен дәнекерленеді. -70 ден +50°C дейін температура аралығында жұмыс жасайтын АД31 және АД33 қорғалардың тоттану төзімділігі үлкен.

Беріктік және созылмалықтың жақсы үйлесімділігімен ерекшеленеді **дуралюминдер** – Al-Cu-Mg (Д1, Д16, Д18, Д19, ВД17 және т.б.) жүйелер қорғалары, оларға қосымша марганец қосылады. Термиялық өңдеу кезінде беріктену күрделі құрамды ГП аймағының не θ -метатұрақты фазаның түзілуімен орындалады.

Марганец дуралюминнің тоттануға қарсы төзімділігін жоғарлатады, ал T (Al₁₂Mn₂Cu) фазасының дисперсті бөлшегі түрінде қайта кристаллизациялану температурасын жоғарлатады және механикалық қасиеттерді жақсартады. Қоспа ретінде темір және кремний болады. Темір мысты байланыстырады, соның нәтижесінде ескіру кезіндегі беріктену тиімділігі төмендейді. Кремний Mg₂Si және W (Al_xMg₅Cu₄Si₄) фазаларды түзейді, ол алюминийде ериді және келесі ескіру кезінде қорғаны беріктендіреді. Сонымен бірге кремний беріктіктің төмендеуіне әсер етеді. Темір және кремний тұрпаты ерімейтін интерметалды фазаны түзеумен жарықша төзімділігін төмендетеді, созылу кернеуінің әсерінен жарықшаның таралуы жеңілдетіледі. Сондықтан шақтамалы 0,5%Fe және 0,5%Si құрамды болады. Темір және кремний құрамы 0,1÷0,3% дейін төмендейді және беріктік және тұтқырлық шегінің өзгеруінсіз шамалы бүліну тұтқырлығын жоғарлатады.

Дуралюминнің беріктенуі шыңдалумен (494°C) және ескірумен (190°C кезінде, 68 сағат ішінде) орындалады. шыңдалған дуралюмин құрылымы артық қаныққан α -катты ертінді және ерімейтін темір қосындысынан құралады.

Табақты жасалатын дуралюмин тоттанудан қорғау үшін плакирленеді, бұл дегеніміз, жоғары тазалықты (99,5% төмен емес) қалыңдығы табак қалыңдығынан 4% жұқа алюминий қабатымен

қапталыады. Плакирлеу дуралюмин берiктiктi шамалы (520 ден 440 дейiн МПа) төмендетедi, тоттану төзiмдiлiгiн жоғарлатады.

Дуралюмин шыңдалған күйде кесумен және ескiру күйiнде және жасытылған күйде нашар өнделедi, нүктелi дәнекерлеумен дәнекерленедi және жарықшаның түзiлуiне қатысты бейiмдiлiкке байланысты балқытумен дәнекерлеумен дәнекерленбейдi. Д16 қортпадан ұшақтардың қаптамасы, шпангоуттерi, спингерi және лонжероны, күштi қаңқалар, құрылысты конструкция, жүктi автомобильдер шанақтары және т.б. жасалады. Компрессорлар күрекшесi ВД17 қортпадан, Д1 қортпадан ауалы бұрандалар күрекшелерi, Д17 қортпадан тойтарма, Д16, Д19 қортпадан ұшақтар конструкциясының күштi элементтерi жасалады.

Авиль қортпалары (АВ). Бұл Al-Mg-Si жүйелерiнiң қортпалары. Олар берiктiгi дураминдерге қарағанда төмен, бiрақта, ыстықты және салқынды күйде созылмалығы жақсы болады. Кесумен өнделедi (шыңдалғы және ескiру) және аргонды және түйiсумен дәнекерленедi. Авиль қортпалары жалпыт тоттану кедергiлiгi жоғары, бiрақта кристалдар аралықты тоттануға бейiмдi.

Авиль суда салқындаумен 515÷525°C температура кезiнде шыңдалады, содан кейiн 12 сағат iшiнде (АВТ1) 160°C кезiнде табиғи және жасанды ескiру орындалады. шыңдалудан кейiн (шыңдалғы және жасанды ескiру аралығында аралықты уақытта жоғарлаумен қортпа берiктiгi ескiруден кейiн төмендейдi) жасанды ескiру орындалады. берiктендiру фазасы авильде Mg₂Si қосындысы саналады.

Авильдi қортпадан әртүрлi жартылай дайын өнiмдер (табақтар, құбырлар және т.б.), ыстықты және салқынды күйде жоғары созылмалықты қажет ететiн салмақ түсетiн бiрқалыпты жүктемелi конструкция элементтерi, вертолеттер бұрандаларының күрекшелерi, қозғалтқыштың соғылған бөлшектерi, рамалар, есiктер жасалады.

Жоғары берiктi қортпалар Al-Zn-Mg-Cu (В93, В95, В96Ц) жүйелi, үлкен уақытша кедергiлiк мәнiмен (550÷700 МПа дейiн) сипатталады. Шыңдалу 460÷470°C температурада, ыстықты не ыстық суда салқындатумен, кейiн 3÷10 сағат iшiнде 135÷145°C кезiнде жасанды ескiру орындалады. берiктендiрушi фазалар MgZn₂, Al₂Mg₃Zn₃ (Т-фаза) және Al₂CuMg (S-фаза). Mn және Сг қоспасы тоттықты төзiмдiлiктi жақсартады. Олардың тоттану төзiмдiлiгi, дуралюминдердiң тоттықты төзiмдiлiгiне қарағанда жоғары. Жоғары берiктi қортпалардың жұмысшы температурасы 120°C артық болмайды. Не ол жылуберiктi емес болады.

Қортпалардың ыстық күйдегі созылмалығы жақсы және салыстырмалы жасырудан кейін салқындай күйде жеңіл деформацияланады. Осы қортпадан жасалған профилдер табақтардан шамалы берікті. В95 қортпалы табақтар тоттану төзімділігін жоғарлату үшін $0,9\div 1,3\% \text{Zn}$ алюминий қортпаларымен плакирленеді. Кесумен жақсы өңделеді және нүктелі дәнекермен дәнекерленеді; $T \leq 100\div 120^\circ\text{C}$ кезінде ұзақ уақыт жұмыс жасайтын, сығу жағдайында жұмыс жасайтын (стрингерлер, шпангоуттер, лонжерондар) жоғары жүктемелі бөлшектерді жасау үшін ұшақ жасау өндірісінде қолданылады.

Соғу және штамптауға арналған қортпалар. Бұл Al-Mg-Si-Cu (AK6, AK8) жүйелі қортпалар. Қысыммен ыстықтай өңдеу кезіндегі созылмалығы өте жоғары және сапалы кесекті алуға мүмкіндік беретін құю қасиеттері қанағаттанарлықты болады. Олар түйісу және аргондоғалы дәнекерлеумен қанағаттанарлықты дәнекерленеді, кесумен өңделеді, кернеу астында тоттануға бейімді емес. Осы қортпалы бөлшектердің тоттану төзімділігі қмтамасыз ету үшін олар анодирленеді (электрхимиялық тотықтандыру) не лақты бояумен қапталады. Бұл қортпалар криогенді температурасы кезінде жұмыс жасауға қабілетті.

AK6 қортпасы, ыстық күйде жоғары созылмалықты (мотор астындағы рама, бекіту бөлшектері, қанатшалар және т.б.) жоғары болуы қажет етілетін күрделі пішінді және орташа берікті бөлшектерді жасау үшін қолданылады.

AK8 қортпалар ауыр жүктемелі штампталған бөлшектерді жасау үшін (мотор астындағы рамалар, тігісті тораптары, лонжерондар белдігі, вертолет бұрандасының күрекшелері және т.б.) қолданылады. AK8 қортпалардың технологиялығы, AK6 қортпаларына қарағанда кем. Соғу және штамптау $450\div 475^\circ\text{C}$ температурасы кезінде орындалады. олар шыңдалады және $6\div 15$ сағат ішінде $150\div 165^\circ\text{C}$ кезінде ескіру орындалады. Ескіруге арналған беріктендіру фазасы Mg_2Si , CuAl_2 және ω -фаза ($\text{Al}_x\text{Mg}_5\text{Cu}_3\text{Si}_4$) саналады.

Ыстыққа берікті қортпалар Al-Cu-Mn (D20, 1201) и Al-Cu-Mg-Fe-Ni (AK4-1) жүйелі. Бұл қортпалар 300°C дейінгі температура кезінде жұмыс жасайтын бөлшектер үшін (поршендер, цилиндр қақпақшалары, қанашалар, к.рекшелер және трубореактивті қозғалтқыштың өсті компрессорларының дискілері және т.б.) қолданылады. Қортпалардың ыстық беріктілігі, диффузиялық процестерді және күрделі легірілетін ұсақ дисперсті беріктендіретін фазаларының түзілуі, Fe, Ni, Ti, Zr, V қосымша легірлеу есебінен жоғарлайды. Беріктендіру фазасы

CuAl₂, Al₁₂CuMg, Al₁₂Mn₂Cu, Al₁₉FeNi, Al₆Cu₃Ni саналады, олар қатты қортпаның ыдырауы кезінде коагуляцияға қатысты тұрақты дисперсті бөлшек түрінде бөлінеді, жоғары беріктікті қамтамасыз етеді. Ыстық күйде жоғары технологиялықты және созылмалықты қортпалар жақсы (Д20) не қанағаттанарлықты (АК4-1) дәнекерленеді, бірақта төменгі тоттану төзімділігімен ерекшеленеді; олар тоттанудан анодирлеу және лакты бояумен қаптаумен қорғалады. Д20 қортпасы 300°C кезінде АК4-1 ($\sigma_{100}^{300} = 45$ МПа) қортпамен салыстырған кезде жоғары ыстыққа берікті ($\sigma_{100}^{300} = 80$ МПа) болады. АК4-1 қортпасы ыстық не суық суда (530±5)°C кезінде шыңдалады, ал кейін 8÷12 сағат аралығында 90°C температура кезінде ескірту орындалады [1, 2, 10].

4.2.5. Алюминий қортпаларын термиялық өңдеу

Алюминий қортпаларын беріктендіру үшін шыңдау және ескірту, ал тепе-тең емес құрылымды және деформациялық ескіру ақаулықтарын жою, қортпаның сызылмалығын төмендету үшін – жасыту орындалады.

Алюминий қортпаларын шыңдау, қортпаларды белгілі бір температураға дейін қыздырумен, артық қаныққан қатты ертінділерді алу үшін қалыпты температураға дейін жылдам салықндату және осы температура кезінде шыдамдылықпен, үлкен бөлігі алюминийде не артық интерметаллидті фазада толығымен еру орындалады. Шыңдау температурасы 465 ден 525°C дейін ауытқиды. Өте жоғары температура артық күүді (түйіршік шекаралары бойынша балқу) орындалады, бұл жартылай дайын өнім бетінде жарықша, көбіршіктердің түзілуіне әсер етеді, тоттану кедергілігін, механикалық қасиеттерін және сынғышты бүліну кедергілігін төмендетеді. Шыдамдылық қатты ертіндіде артық фазаның еруін қамтамасыз ететіндей аз болу керек.

Шыңдау кезіндегі салқындету шекті жылдамдықтан жоғары жылдамдықта орындалады. **Шыңдаудың шекті жылдамдығы** – салқындетудың аз жылдамдығы, онда артық қаныққан қатты ертінді ыдырауының алдын-алу орындалады. шыңдау үшін жиі су (10÷40°C) қолданылады. Механикалық қасиетті және тоттану төзімділігін төмендететін қатты ертінді жартылай ыдырамау үшін пештен қыздырылған жартылай дайын өнімнің шыңдау ыдысына жеткізу уақыты 15÷30 сек артық емес болу тис. Алюминий қортпалардың шыңдалуы 120÷150 мм, бұл $d_{кр}$ теңестіріледі. Қортпа шыңдалғаннан

кейінгі салыстырмалы беріктігі жоғары емес және созылмалығы жоғары болады.

Шыңдалған қортпалардың ескіруі. Шыңдалудан кейін ескіру орындалады, онда қортпа $150\div 200^{\circ}\text{C}$ температура (жасанды ескіру) кезінде $10\div 24$ сағат ішінде не $150\div 200^{\circ}\text{C}$ температура кезінде $10\div 24$ сағат ішінде не бірнеше тәулікте (табиғи ескіру) қалыпты температурада ұсталады. Ескіру процесінде артық қаныққан қатты ертінді ыдырайды, бұл қортпаның беріктенуімен орындалады.

Ескіру кезінде Гинье-Престон ГП-1 аймағы түзіледі. Егер қортпа табиғи ескіруден кейін қысқа уақытта (бірнеше минут не секунд) $240\div 280^{\circ}\text{C}$ дейін қыздырылады және жылдам салқындатылады, бірақ толық беріктену төмендейді және қасиеті жаңа шыңдалған күйге (қайтарым) сәйкес болады. Беріксіздендіру ГП-1 аймағы осы температура кезінде тұрақсыз және қатты ертіндіде ериді. Қалыпты температура кезінде келесі қортпадан қайтадан ГП-1 түзіледі және беріктендіру орындалады.

100°C ұзақ шыдамдылық не 150°C кезінде бірнеше сағат ішінде шамалы беріктендірілген құрылыммен үлкен ГП-2 аймақтың түзілуіне ықпал етеді. $150\div 200^{\circ}\text{C}$ кезінде бірнеше сағат ішінде шыдамдылықта, ГП-2 аймағы орналасқан кезде орында аралықты θ' -фазаның дисперсті (жұқа пластиналы) бөлшектер түзіледі, $200\div 250^{\circ}\text{C}$ температура кезінде коагулирленеді, бұл тұрақты θ -фазаның түзілуіне әсер етеді.

Осылайша, табиғи ескіру кезінде тек ғана ГП-1 аймақ ғана түзіледі. Жасанды ескіру кезінде келесі құрылымдық өзгерістер: ГП-1 \rightarrow ГП-2 \rightarrow θ' \rightarrow θ (CuAl_2) орындалады.

Ескіру аймағы – ГП-1 және ГП-2 аймақтары түзіледі, одан кейін қортпаның аққыштық шегі, созылмалығы, жоғары, тоттану төзімділігі жақсы және сынғышты бүлінуге қатысты сезімталдығы төмен болады.

Фазалы ескіру – θ' - және θ -фазалары түзіледі, одан кейін кернеу астында тоттану және сынғышты бүліну кедергілігі, тұтқырлық, созылмалық төмендейді.

Шыңдалу және ескіруден кейін қортпада жоғары тығыздықты шоғырланумен қайта кристаллизацияланбаған құрылым сақталады, бұл оның беріктігінің жоғарлауына әсер етеді, оның беріктігін жоғарлатады. б Бұл құбылыс **құрылымдық беріктендіру** деп аталады, оның нәтижесінде беріктік және аққыштық шегі $30\div 40\%$ дейін жоғарлайды.

Диффузиялық жасыту (гомогенизация). Жасытудың осы түрі, дендритті ликвацияны жою үшін қысыммен өңдеу алдында кесекте

орындалады, ол біртекті емес қатты ертіндіні алуға және түйіршік шекаралары бойынша бөлінетін және дендритті тармақтар аралығында сынғышты тепе-тең емес CuAl_2 , Mg_2Si эвтектикалық қоспалардың бөлінуіне әсер етеді. Гомогенизациялану процесінде қатты ертінділердің кристаллиттері теңеседі, ал интерметаллид ериді. Интерметаллидтің келесі салқындау процесінде бірқалыпты таралған ұсақ қайтрамалы қорпалар бөлінеді. Нәтижесінде құйылған қортпаның созылмалығы жоғарлайды. Гомогенизациялану жұмсартылған табақтарда ұсақ түйіршікті құрлымды алуға және кернеу астында тоттануға қатысты бейімділіктің төмендеуіне әсер етеді. Гомогенизациялану температурасы 4÷40 сағат уақытта $450\div 420^\circ\text{C}$, салқындау – ауа не пешпен бірге орындалады.

Қайта кристаллизацияландыратын жасыту. Деформацияланған қортпа бастапқы қайта кристаллизациялану температурасынан жоғары температураға қыздырумен орындалады. қақталма және ұсақ түйіршікті алу үшін қолданылады. Жасытумен қайта кристаллизацияландыру температурасы $350\div 500^\circ\text{C}$, уақыты 0,5÷2 сағат.

Шыңдалу және ескірту орындалған қортпаларды беріксіздендіруге арналған жасыту. Жасыту $360\div 450^\circ\text{C}$ температура 1÷2 уақыт аралығында орындалады. Осы температурада қаныққан қатты ертінді толық ыдырайды және беріктенген фаза коагуляцияланады. Салқындату жылдамдығы $30^\circ\text{C}/\text{сағ}$ артық емес болады. Жасытудан кейін қортпаның уақытша кедергілігі төмен, созылмалығы қанағаттанарлық және кернеу астындағы тоттану кедергілігі жоғары болады [1].

4.3. Магний және оның негізіндегі қортпалар

4.3.1. Магнийдің физика-химиялық қасиеттері

Магний – ашық-сұр түсті металл. Ол 1808 жылы анықталды. Магнийдің сипатты қасиеті оның $1,74 \text{ г}/\text{см}^3$ аз тығыздығы. $T_{\text{пл}} = 650^\circ\text{C}$. ГПУ торы ($a = 0,35200 \text{ нм}$). Аллотропиялық түрлену болмайды. Бұл химиялық белсенді металл. Ауада ұнтақ, жөңке не шаң түрінде жылдам тұтанады. Магний пиротехника және химия өнеркәсібінде қолданылады. Аз тығыздығына қатысты магний авиациялық және басқа өнеркәсіпте қолданылады.

Магнийдің беріктігі және созылмалығы аз. Төмен созылмалық–ГПУ тордағы сырғанау жазықтығының аз санды болуына қатысты

нәтиже саналады. Осындай төмен қасиет таза магний конструкциялық материал ретінде қолданылады. Техникалық магний үш марка түрінде МГ90 (99,9%Mg), МГ95 (99,95%Mg), МГ96 (99,96%Mg) қолданылады [1, 2, 10].

4.3.2. Магний негізіндегі қортпалар сипаттамасы

Магний және оның қортпалары тоттануға тұрақты емес. MgO тотықты қабыршағы қорғанысты қасиетті емес (Al_2O_3 алюминийдегі қабыршақ ретінде), оның тығыздығы $3,2 \text{ г/см}^3$ магнийдің тығыздығы шамалы жоғары, сондықтан ол шытынайды. Температураның жоғарлауымен магний тотықтануы жоғарлайды. Сонымен магний қортпаларының құю кезіндегі сұйық акқыштығы төмен, тек ғана жоғары (225°C және артық) температура кезінде пластикалы деформацияланады. Магний қортпаларында атомдардың диффузиялық қозғалысы аз, бұл магний қортпаларында ондағы фазалық түрленудің баяу орындалуына әсер етеді. Сондықтан термиялық өңдеу (диффузиялық не қайта кристаллизацияландырумен жасыту, шыңдау, ескіру) үлкен шыдамдылықты (24 сағатқа дейін) қажет етеді.

Сонымен бірге магний қортпасы аз тығыздығы, жоғары меншікті беріктікпен, тербелісті жақсы сіңірумен, уранмен өзара әрекеттеспейді, сондықтан авиациялық және зымыран жасау өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Магнийлі қортпалардың кемшілігі оларды қысым өңдеу және құю қиын. Қортпалар түйісу дәнекерімен, инертті газдардың қорғанысты ортасында доғалы дәнекерлеумен қанағаттанарлық дәнекерленеді және кесумен жақсы өңделеді.

Магнийлі қортпалар бөлінеді:

- 1) **деформацияланатын** – престеледі, тапталады, соғылады, штампталады және қысыммен өңдеудің басқа түрлерімен өңделеді, «МА» әрпімен таңбаланады;
- 2) **құйылған** – пішінді құю әдісімен бөлшектерді алуға арналған, «МЛ» әрпімен таңбаланады.

Магнийлі қортпадағы негізгі легірлеуші элементтер марганец, алюминий және мырыш саналады. $6\div 7\%$ дейінгі мөлшердегі алюминий және мырыш магнийдің механикалық қасиеттерін жоғарлатады. Марганецпен магний α -қатты ертіндісін түзейді, тоттану кедергілігін және магний қортпасының дәнекерленуін жоғарлатады. Церконий түйіршікті ұсақтайды, механикалық қасиетін және тоттану кедергілігін жоғарлатады. Сирек металдар және торий магний қортпаларының

ыстық беріктігін жоғарлатады. $0,005 \div 0,012\%$ мөлшердегі бериллий қорту кезінде магнийдің тотықтануын, құю және термиялық өңдеуді төмендетеді.

Магний қортпаларынан жасалған бұйымдардың тоттануға қатысты тұрақтылығының аздығына қатысты тотықтанады. Тотыққан бетке лак бояулы қамтама жағылады [1, 2, 10].

4.3.3. Деформацияланған магний қортпалары

Деформацияланған (престелген) магнийдің механикалық қасиеті, құйылған магнийге қарағанда жоғары кешенді: $\sigma_b = 200$ МПа, $\delta = 11,5\%$, 40 НВ. Деформацияланған қортпалар ыстықтай тапталған шыбықтар, жолақтар, профилдер, сонымен бірге шыңдалғы және штампталған дайындама түрінде жасалады.

Магний қортпалары төмен температура кезінде аз созылмалы болады. $200 \div 300^\circ\text{C}$ қызған кезде қосымша жазықты сырғанау (1001) және (1120) (базис жазықтығы (0001)) түзіледі, сонымен бірге оның созылмалығы жоғарлайды, сондықтан қысыммен өңдеу жоғары температура кезінде орындалады. Деформациялану қаншалықты аз болса, соншалықты магний қоспаларының созылмалы технологиялығы жоғары болады. Престеу $300 \div 480^\circ\text{C}$, $340 \div 440^\circ\text{C}$ (басталуы) ден $225 \div 250^\circ\text{C}$ (соңы) дейін температура аралығында таптау орындалады. штамптау пресс астында жабық штампта $480 \div 280^\circ\text{C}$ температура аралығында орындалады.

МА1 қортпа салыстырмалы созылмалық технологиялығы жоғары, дәнекерленуі және тоттану төзімділігі жақсы; төмен берікті қортпалар тобына жатады. Қортпаға Al-Mn 0,2%Ce (МА8) енгізу түйіршікті ұсақтайды, механикалық қасиетті жоғарлатады және салқынды күйде деформациялану жақсартады.

МА2-1 (Mg-Al-Zn) қортпаның механикалық қасиеті жеткілікті жоғары, технологиялық дәнекерленуі жақсы, бірақта кернеу астында тоттануға қатысты бейімді, табақты штамптаудың барлық түрі орындалады және жеңіл тапталады.

Mg-Zn-Zr жүйесінің МА14 қортпасының механикалық қасиеті жоғары, ыстық берікті (250°C дейін) кернеу астындағы тоттануға қатысты бейімді емес. Қортпаның кемшілігіне ыстықтай таптау кезіндегі жарықшаның түзілуіне қатысты бейімділік жатады. Қортпа $160 \div 170^\circ\text{C}$ кезінде жасанды ескіру процесінде қортпа беріктенеді.

Алдын ала шындалу престоу температурасына қатысты ауада салқындату орындалады.

Деформацияланған магний қортпаларынан жартылай дайын өнімдер (табақтар, шыбықтар, профилдер және т.б.), арматура, бензо-және май жүйелері, дәнекерленген, жоғары жүктемелі бөлшектер жасалады [1, 2, 10].

4.4. Титан және оның негізіндегі қортпалар

4.4.1. Титанның физика-химиялық қасиеттері

Титан – сұр түсті металл. $T_{пл} = 1668 \pm 5^\circ\text{C}$. Титанның екі аллотропиялық модификацияланған түрі қолданылады: 882°C дейін – α -Ті ГПУ торлы, жоғары температура кезінде – β -Ті (882°C кезінде) ОЦК торлы.

N_2 , C , O_2 және H_2 титанның қаттылығын және беріктігін жоғарлатады, бірақта созылмалықты, дәнекерлену және тоттану кедергілігін төмендетеді. Сутегі өте зиянды, гидридтердің бөлінуіне қатысты титан сынғышты болады. Сутегі титан қортпаларында 0,015% артық болмау керек.

Титан бетінде тұрақты тотықты қабыршақ жеңіл түзіледі, теңіз суында тоттану кедергілігі, сонымен бірге кейбір қышқылды және зиянды ортада жоғарлайды. Титан кернеу астында кавитациялықты тоттануға тұрақты.

Техникалық титанның екі маркасы жасалады: ВТ1-00 (99,53%Ті), ВТ1-0 (99,46%Ті). Техникалық титан қысыммен өңделеді, доғалы дәнекермен дәнекерленеді, кесумен жаман емес өңделеді. Титаннан құбыр, шыбықтар, табақтар, сымдар және жартылай дайын өнім жасалады.

Титан негізінен авиация, зымыранжасау және техниканың басқа салаларында, меншікті беріктіктің маңызы қажет салаларда қолданылады. Титанның тығыздығы аз $4,5 \text{ г/см}^3$ [1, 2, 10].

4.4.2. Титан негізіндегі қортпалар сипаттамасы

Титан негізіндегі қортпалар техникалық титанмен салыстырғанда кеңінен қолданылады. Fe, Al, Mn, Cr, Sn, V, Si титанды легірлеу оның беріктігін жоғарлатады, бірақта біруақытта созылмалығын және тұтқырлығын төмендетеді. Al, Zr, Mo ыстық беріктікті, Mo, Zr, Nb, Ta, Pd – қышқыл ертіндісіндегі тоттану төзімділігін жоғарлатады. Титанды қортпалардың меншікті беріктігі, тоттану төзімділігі жоғары.

Өндірістік титанды қортпалар құрылымы – бұл легірлеуші элементтердің α - және β -модифицирленген титанның қатты ертіндісі. Al, N₂, O₂ – α -тұрақтандырғыш; Mo, V, Mn, Fe, Cr – β -тұрақтандырғыш. Кейбір β -тұрақтандырғыштар титанмен интерметалды қоспаны Ti_xMe_y түзейді. Мұндай β -тұрақтандырғыштар **эвтектоидті түзеушілер** деп аталады. Сонымен легірлеуші элементтер аллотропикалық модификацияланған титан тұрақтылығына қандай да бір әсер етеді, құрылымына қатысты бөлінеді:

– α -қортпалар, құрылымы – α -титанда легірлеуші элементтердің қатты ертіндісі. α -қортпадағы негізгі легірлеуші элемент – алюминий, сонымен бірге олардың құрамында бейтарапты элементтер (Sn, Zr) және β -тұрақтандырғыштардың шамалы мөлшері болады;

- α + β -қортпалар, α - және β -тұрақтандырғыштан құралады;
- β -қортпалар.

Титанды қортпалы үлкен бөлшектер үшін беріктендіретін термиялық өңдеу сирек қолданады. Бұл титанды қортпалардың аз шыңдалуы, тұтқырлықты бүлінудің мәні төмен және бөлшектің жиырылуымен түсіндіріледі.

Титанды қортпалардың тозу кедергілігі төмен және үйкеліс торабы қолданылған кезде химия-термиялық өңдеу орындалады. Титанның тозу тұрақтылығын жоғарлату үшін 30÷60 сағат ішінде 850÷950°C кезінде азотталады. Титан қортпасындағы диффузияланған қабат қалыңдығы 50 сағат ішінде 950°C кезінде азотталудан кейін 0,05÷0,15 мм, қаттылығы 750÷900 HV.

Титан қортпалары шамалы тығыздық, жоғары меншікті беріктік, жылутөзімділік және тоттану кедергілігі жақсы болу негізгі рөл атқаратын кезде қолданылады. Титанды қортпалар авиация, зымыранды техника (ұшақтарды қаптау, зымыран және қозғалтқыш корпусы, стационарлы трубин күрекшелері және дискілер және авиациялық қозғалтқыштар компрессорлары), кемежасау (теңіз кемелерін қаптау, су асты кемелері, жүзу бұрандалары), химиялық машинажасау (сығылған газдарға арналған баллон, зиянды химиялық сұйықтық және газдарға арналған сыйымдылық), медицина (медициналық техника бұйымдары) және көптеген ауылшаруашылығы салаларында қолданылады.

Өндірістік технология бойынша титанды қортпалар жіктеледі:

- 1) деформацияланған;
- 2) құйылған [1, 10].

4.4.3. Деформацияланатын титан қортпалары

Титанды қортпалардың үлкен мөлшері алюминиймен легіріледі, материалдың қаттылығы, беріктігі, ыстық беріктігі және ыстық тәзімділігі, сонымен оның тығыздығын төмендетеді. Қатты ертіндіні легірлеу және пластикалық деформациялану арқылы беріктендіріледі. Сонымен титанды қортпалар құрамында алюминий болады, «ВТ» әріптерімен таңбаланады, сонымен бірге цифрмен алюминийдің пайыздық құрамы жазылады.

ВТ5 қортпа – деформацияланатын α -қортпа ыстық күйде қысыммен жақсы өңделеді және дәнекерленеді; 450°C дейін термиялық тұрақты. Бұл қортпаның тоттану кедергілігі, ыстық беріктігі, тоттану тұрақтылығы, криогенді температура кезінде созылмалығы жоғары, сутекті сынғыштыққа қатысты бейімді болады. Қортпаны қалайымен қосымша легірлеу (ВТ5-1) қортпаның технологиялық және механикалық қасиеттері жақсарады. Осы қортпадан табақтар, шыңдалғы, құбырлар, сымдар, профилдер жасалады.

ОИ4 қортпа – жалған- α -қортпа ыстықтай және салқиндай күйде қысыммен жақсы өңделеді, дәнекерлеудің барлық түрімен дәнекерленеді. Бірақта сутекті сынғыштыққа бейімді.

Ең үздік нәтиже $\alpha+\beta$ -қортпаларында орындалады. олар шыңдау және ескіруден тұратын термиялық өңдеумен беріктенеді. Бірақта α -қортпаларға қарағанда нашар дәнекерленеді. ВТ6 қортпа – механикалық және технологиялық жақсы және термиялық өңдеумен (900÷950°C кезінде шыңдалады және 450÷500°C кезінде ескіреді) беріктенеді. Ескіруден кейін $\sigma_b = 1200\div1300$ МПа. Қортпа құрамындағы алюминий және ванадий құрамының төмендеуі (ВТ6С модификациясы) оны дәнекерленген конструкцияда қолданылады. ВТ14 қортпа (Ti-Al-Mo жүйе) шыңдалған күйдегі (жақсы деформацияланады) технологиялығы жоғары және ескірген кездегі беріктік жоғары болады. Ол дәнекерлеудің барлық түрімен дәнекерленеді. Ауыр жүктемелі бөлшектерді, сонымен бірге 400°C кезінде ұзақмерзімді, 500°C кезінде қысқамерзімді жұмыс жасайтын бөлшектерді жасау үшін қолданылады. Қортпа 850÷880°C кезінде суда шыңдалумен және 12÷16 сағат, 480÷500°C кезінде келесі ескерумен беріктенеді. ВТ14С қортпа дәнекерленген конструкцияларда қолданылады, 5,5%Al құрамды. Ыстыққа берікті $\alpha+\beta$ -қортпа ВТ8 изотермиялық жасытудан кейін қолданылады. Ұзақты берік және жоғары жылжымалық кедергілікті;

сондықтан жүктемемен 450÷500°C кезінде ұзақ уақыт жұмыс жасауға арналған. Қортпаның дәнекерленуі нашар, бірақта жақсы деформацияланады және негізінен шыңдалғы және штампталған дайындама, шыбық түрінде қолданылады.

Псевдо-β-қортпа жоғары құрамды β-тұрақтандырушымен, шыңдалған күйде жоғары созылымдылықпен және ескірумде жоғары беріктікпен сипатталады. Олар аргонды-доғалы дәнекермен қанағаттанарлықты дәнекерленеді. Қазіргі кездегі жалған-β-қортпалар (BT19, BT35, BT32), Ti-Al-V-Cr-Sn-Zr-Mo жүйеге жататын ең озық қортпалардың бірі BT35 қортпа саналады. Осы қортпаны алюминиймен (3%) легірлеу кезінде кесекті құю процесінің технологиялын жоғарлатады, ескіру тиімділігі жоғарлайды, қортпаның тығыздығын азайтады. Молибденнің негізгі бөлігін ванадиймен (15%) ауыстыру қортпа тығыздығын азайтады және біруақытта оның меншікті беріктігін жоғарлатады. Қалайы салқындай пластикалық деформациялану процесінде қортпаның технологиялығын жоғарлатады, сонымен бірге ескіру тиімділігінің жоғарлауына әсер етеді. Қортпаға 1% церконийді енгізуғ әдетте біртекті емес бастапқы құрлымының үлкен болуына қатысты дәнекерленген қосындыда метатұрақты фазаның бірқалыпты ыдырауына әсер етеді. Қортпа шыңдалғаннан (800°C, 8/мин жылдамдықта салқындайды) кейін $\sigma_b = 760$ МПа және $\delta = 16\%$, ескіруден кейін (520°C) $\sigma_b = 1180$ МПа және $\delta = 5\%$. BT35 қортпа 260÷300°C аралығында ұзақ уақыт жұмыс жасайтын плиталар, шыбықтар, құбырлар және шыңдалғылар, ұшақжасау бөлшектерін жасау үшін қолданылады.

BT32 (Ti-Al-V-Mo-Cr-Fe жүйелі) қортпалардың стандартты механикалық параметрлері BT35 қортпаларға жақын болады.

Титанның β-қортпасының 29÷35%Mo құрамды, жоғары тоттану төзімділігі, технологиялық созылмалы және дәнекерленуі жақсы екі түрі (4201 және 42014) белгілі. олар бірқатар тоттануға төзімді материалдарды () ауыстыратын материал ретінде қолданылады [1, 10].

4.5. Мыс және оның негізіндегі қортпалар

4.5.1. Мыстың физика-химиялық қасиеттері

Мыс – қызыл, сынығында қызғылт түсті металл. $T_{пл} = 1083^\circ\text{C}$. ГЦК торы ($a = 0,31607$ нм). Тығыздығы 8,94 г/см³. Мыстың электр-, жылу өткізгіштігі. Созылмалығы жоғары, тоттануы аз. Мыстың

жоғары электр өткізгішті, оның техникада өткізгішті металл ретінде қолданылады. Мыс әдеттегі атмосфералық жағдайда, тұзшы, теңіз суында және басқа зиянды ортада тоттануға кедергілігі жақсы, бірақта күкіртті газдар және аммиактағы тұрақтылығы әлсіз болады. Мыс қымыммен жеңіл өңделеді, бірақта кесумен өңделуі нашар, үлкен шөгуге қатысты құймалы қасиеттері жоғары емес. Мыстың дәнекерленуі нашар, бірақта жеңіл балқытып дәнекерленуі жеңіл орындалады. мыстың кемшіліктеріне оның бағасының жоғары, шамалы тығздығы, құю кезіндегі үлкен шөгпелігі, ыстықты сынғыштығы, кезумен өңдеу күрделі болады.

Кері температура кезінде мыстың берікті қасиеті жоғары және 20°C температура кезіндегі созылмалығы өте жоғары. Техникалық мыста салқынды сынғыштық байқалмаады. Температураның төмендеуімен аққыштық шегі жоғарлайды және пластикалық деформациялану кедергілігі күрт жоғарлайды.

Мыс табақтар, жолақтар, шыбықтар, құбырлар, пішінді профилдер, фольга және әртүрлі өлшемді сымдар түрінде қолданылады. домалақ, тікбұрышты (жапырылған) және пішінді қималы сымдар созумен алынады. Жалпақ таптау ыстықты және салқындай таптаумен алынады. Тапталған жартылай дайын өнімді өнімдер плиталар, такталар, анодтар, табақтар, таспалар, жолақтар және фольгаларға бөлінеді. плиталар негізінен ыстықтай таптаумен алынады. Табақтар ыстықты-салқындай таптаумен жасалады. Жолақтар және таспалар 495-92 және 1173-93 МЖСТ бойынша және мысты фольга 5638-75 МЖСТ бойынша жасалады. Радиаторлы таспаға, микроқұрылымдық бойынша сапаны анықтауға қатысты жоғары талаптар қойылады. Мысты деформацияланған жартылай дайын өнім өндірісінің көлемінде құбырлар өндірісі сымнан кейін екінші орынды алад, олар 617-90 МЖСТ және 15040-77 МЖСТ сәйкес жасалады.

Мыстың жоғары жылу өткізгіштігі дәнекерлеуге кері әсер етеді, сонымен дәнекерлеу кезінде бөлінетін жылу жылдам дәнекерлену орнынан жылдам бөлінеді, фосформен тоттыққан мыстың дәнекерленуі жақсы, оның қалдықты жоғары құрамы мыстың басқа маркаларымен салыстырғанда өте төмен жылуөткізгішті болады. Мысты дәнекерлеу кезінде оның жоғарғы температура әсерінен кеңейуі ескеріледі, сондықтан дәнекерленетін материалдардың жиегінің тұрақтануын мұқият қадағаланады. Дәнекерленетін металл 500÷600°C дейін қыздырылады.

Мыс жұмсақ бақытып дәнекермен және қатты дәнекермен дәнекерленеді. Жұмсақ дәнекермен дәнекерлеу кезінде (қалайы және қорғасын) іс жүзінде мыстың беріктік қасиетінің төмендеуімен орындалады. қатты дәнекермен дәнекерлеу кезінде жоғары температура кезінде мыстың беріксізденуі орындалады. Қатты дәнекерлі дәнекермен ыстықтай күйдегі температура кезінде мыстың шамалы беріктігіне қатысты аз болады. Қатты дәнекерлер ретінде мысты дәнекерлеу үшін төмен легірлі қортпалар, оның негізіндегі мысты күміс, фосфор, сонымен бірге кадмия және марганец қоспасы негізіндегі қортпалар қолданылады.

Мыстың кесумен өңделуі салыстырмалы төмен. Таза мысты бөлшектерді өңдеу кезінде ұзын жөңқа алынады. Мыс кескішке жабысады (тармақтардың түзілуі), сонымен ұсақ бөлшектер кесу инструменттерінің жиегіне жабысады, тармақтар үзілген кезде инструмент беті бүлінеді. Босандатылған күйдегі жартылай дайын өнімдер беріктетуге қарағанда өңделуі нашар болады. Инструменттің тозуы бастапқы қоспадағы мыстың шала тотығының құрамының жоғарлауымен жоғарлайды. Сондықтан өңдеу кезінде оттекті құрамды мысты өңдеу үшін вольфрам карбидінің аз құрамды жылдам кесу болатты инструментті қолдану ұсынылады. Оттексіз мыс қатты қортпалы инструментпен өңделеді.

Мыс, алтын сияқты қоспалар түрінде кездеседі. Мыстың тазалығына тәуелді келесі маркалар жасалады: M00 (99,99%Cu); M0 (99,97%Cu); M1 (99,9%Cu); M2 (99,7%Cu); M3 (99,50%Cu). Электртехника өндірісті, электртехника және электрвакуумды техникада оттексіз мыс M06 (0,001%O₂) және тотыққан M1p (0,01%O₂) кездеседі. Оттексіз мыстан жоғары электрөткізгішті үлкен ұзындықты таспа және қалыңдығы бойынша шақтаамалы қаттылықпен жасалады. Мыс құрамындағы қоспалар оның қасиетіне үлкен әсер етеді. Оттегі – мыс және оның қортпаларының ең зиянды қоспасы. Ол мыстың технологиялық созылмалығын төмендетеді, оның тоттану төзімділігін азайтады, дәнекерлеу және бақытып дәнекерлеу процесін қиындатады. Сутегі металды тереңдікте диффундирлейді және мысты шала тотықпен өзара әрекетеседі. Түзілген су буы қатты мыста ерімейді және жалпақты еместіктің, жарықшаның, үзілу түзілуіне металдың микрокөлемінде жоғары қысым түзіледі, осыған қатысты созылмалық және беріктік төмендейді [1, 2, 22].

4.5.2. Мыс негізіндегі қортпаларды таңбалау

Мыс қортпаларының механикалық және техникалық қасиеттері жоғары, төзу және тоттану кедергіліктері жақсы болады.

Екі негізгі мыс қортпаларының топтары бөлінеді.

- 1) **латунилер** – мырышты мыс қортпасы;
- 2) **қолалар** – басқа элементті мыс қортпасы.

Мысты қортпаларды былайша таңбалау қолданылады. қортпалар «Л» – латунь» немесе «Бр» – қола әрптерімен белгіленеді, содан кейін қортпаны түзейтін негізгі элемент әрпіжазылады. Мысалы, О – Sn, Ц – Zn, Мц – Mn, Ж – Fe, Ф – P, Б – Be, Х – Cr және т.б. әріптен кейін жазылған цифрлар легірлеуші элемент мөлшерін (пайызды) көрсетеді.

Қола және латуньнің тәртіпті цифрлары әртүрлі. Латуньмен деформацияланатын маркаларда «Л» әрпінен кейінгі бірінші екі цифр пайызда мыстың орташа құрамын (Л70 – латунь, 70%Cu) көрсетеді. Легірленген деформацияланған латунь жағдайында тағы екі әріп және цифрмен легірлеуші элемент атауы және мөлшері таңбаланады, мысалы, ЛАЖ60-1 (60%Cu, 1%Al, 1%Fe). Мырыш құрамы 100% қатысты әртүрлі анықталады.

Деформацияланатын қолада негізі элемент – мыс құрамы көрсетілмейді, бірақта 100% қатысты айырмашылықта анықталады. Бір бірінен «-» арқылы бөлінген әріптен кейінгі цифр пайыз түріндегі легірлеушіэлементтердің орташа құрамын көрсетеді; цифрлар және әріптер қола не басқа элемент құрамында болатын құрамды көрсетумен сол тәртіп бойынша (мысалы, БрОЦ4-3: 4%Sn, 3%Zn) орналасқан. Мыс құрамы 100% қатысты айырмашылықта анықталады [1, 2].

4.5.3. Латуньдер

Латунь дегеніміз, мыс негізіндегі қосарлы не көп компонентті қортпалар, ондағы негізгі легірлеуші элемент мырыш саналады. Мыспен салыстырғанда латуньнің беріктігі, қаттылығы, тоттану төзімділігі және сұйық аққыштығы үлкен болады. Мыс мырышпен негізгі α -қатты ертінді қатарынан басқа электронды түрлі β , γ , ϵ фазалар қатарын түзейді. Жиі латунь құрылдымы α - немесе $\alpha+\beta'$ -фазадан құралады. α -фаза – ГЦК торлы мыстағы қатты мырыш ертіндісі саналады. Мыстағы мырыштың еру шегі 39%. β' -фаза – ОЦК тормен CuZn электронды қосындылы базада беріктенген қатты ертінді.

Бір фазалы α -латунь ыстықты және салқынды пластикалық деформациялануды жақсы қабылдайды. Салқындай және ыстықтай күйде бір фазалы (созылмалы) α -латуньдерге Л96 (**томпак** – α -латунь жоғары құрамды мысты (61% кем емес) жатады. Түсі алтын сияқты, олар зергерлік және декоративті бұйымдарда қолданылады, Л80 (**жартылай томпак**) және Л68, созылмалығы үлкен емес, Л68 әртүрлі бөлшектер штампталатын жұқа табак, таспа және т.б. жартылай дайын өнім түрінде жасалады.

Екіфазалы $\alpha+\beta'$ -латуньдер (Л159, Л60) салқынды күйде аз созылмалы (55÷61%Cu). Олардан шыбықтар, олардан кесумен өңдеу көмегімен әртүрлі бөлшектер жасалады. Бірфазалы латуньге қарағанда, $\alpha+\beta'$ -латуньдер аз созылмалы, бірақта өте берік және тозуға төзімді.

Екіфазалы латунь Al, Fe, Ni, Sn, Mn, Pb және т.б. элементтермен сирек легіріленеді. Мұндай латуньдер **арнайы немесе көп компонентті** деп аталады. Легірлеуші элементтерді (никельден басқа) енгізу мыстағы мырыштың еруін азайтады, оны $\alpha+\beta'$ -латуньге қосқан кезде β' -фазаның мөлшері азайады, екіфазалы латунь бірфазалы (α -латунь) түзіледі. Легірлеуші элемент беріктік (қаттылық) жоғарлайды, бірақта созылмалық азайады.

Қаталған күйдегі (20%Zn артық) латунь ылғал, оттегі және аммиак болған кезде тоттанумен («мерзімді») шытынауға бейімді болады. Латуньді жартылай дайын өнімдердің шытынауының алдын-алу үшін келтірілген жасыту 250÷650°C кезінде, ал латуньді бұйым 250÷270°C кезінде орындалады.

Барлық латуньдер технологиялық белгілері екі топқа бөлінеді: **деформацияланатын** (табақтар, таспалар, құбырлар, сымдар және т.б. жартылай дайын өнімдер) және **құйылған** – пішінді құюға арналған.

Деформацияланатын латунь металды қысыммен өңдеудің әртүрлі тәсілдерімен бұйым және жартылай дайын өнімдерді өндіру үшін қолданылады. қолданылатын α -латуньдердің (Л96, Л90) созылмалығы, жылу өткізгіштігі және тотану төзімділігі жоғары. α - (Л70) және $\alpha+\beta'$ -латуньде (Л62) мырыш құрамының жоғаралуымен өте жоғары беріктілік алынады, бірақта тоттану төзімділігі төмендейді. Бұл латуньдер мыс не томакпен салыстырғанда кесумен жақсы өңделеді. темірмен легіріленген (ЛАЖ60-1-1 және ЛЖМц59-1-1) деформацияланатын латуньдердің тоттану қасиеті жоғары болады. Олар кемежасау саласында бөлшектерге арналған бөлшектерді жасау үшін қолданылады. Теңіз суында қалайымен легіріленген латуньнің тұрақтылығы өте жоғары, мысалы, ЛО70-1 және ЛО62-1, **теңізді латунь** деп

аталады. ЛС59-1 латунь (**автоматты латунь** 40%Zn, 1÷2%Pb) автоматты білдектерде кесумен шыбық түрінде жасалады [1, 2, 10].

4.5.4. Латунь қасиетіне қоспалардың әсер етуі

Латуньнің механикалық және технологиялық қасиетіне жеңіл балқытылатын қоспалар кері әсер етеді, қатты күйде мыс-мырышты қоспалардағы еру шектелген. Осындай қоспалардың әсер етуіне қатысты ең сезімталды бірфазалы α -латунь саналады. Қатты ертінді құрамындағы жеке фаза түзмейтін қоспа латуньнің механика және технологиялық қасиетіне кері әсер етпейді.

Алюминий толығымен қатты ертінді құрамында болады және қоспа ретінде латунь қасиетіне кері әсер етпейді. Алюминийдің аз қоспасы қорту кезінде мырыштың күйуін азайтады: мырыштың булануына кедергі жасайтын балқыма бетінде алюминий тотығының қорғаныс қабыршағы түзіледі.

Никель және марганецтің шамалы мөлшері қатты ертінді құрамына енеді және латуньнің физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттері шамалы әсер етпейді. Никель қайта кристаллизациялану температурасын жоғарлатады.

Темір латуньнің қайта кристаллизациялану процесінің дамуын қиындатады және түйіршікті ұсақтатады, осыған қатысты қорпалардың механикалық және технологиялық қасиеттерін шамалы жоғарлатады. қарсы магнитті бөлшектерді жасау үшін латуньдегі темір құрамы 0,03% артық болу керек.

Кремний, қоспа ретінде қатты ертінді құрамында болады. Кремнийдің әсерінен латуньнің балкумен дәнекерлену және дәнекерлену процесі жақсарады, тоттанумен шытынауға қарсы төзімділігі жоғарлайды.

Висмут зиянды қоспалар қатарына жатады. Бірфазалы латуньнің ыстықты сынғышты болуына әсер етеді. Оның өндірісті латунь құрамындағы құрамы 0,002÷0,003% шектелген.

Қорғасын жоғары температура кезінде α -латунь созылмалығын төмендетеді. Ол латуньнің ыстықты сынғыштықты болуына әсер етеді, сондықтан бірфазалы латуньдегі оның құрамы 0,03% шектеледі. Бірақта қорғасын латуньнің кейбір технологиялық қасиетін, әсіресе кесумен өңдеуді жақсартады. Сондықтан өндірісте 1% артық қорғасын құрамында қорғасынды латунь тобы қолданылады.

Сурьма зиянды қоспа саналады, ол қысыммен салқындай және ыстықтай өңдеу кезінде латуньнің технологиялық созылмалығын төмендетеді. Бірақта суоьманың микроқоспасы (0,1% дейін) мырышсызданумен байланысты екі фазалы латунь қатысты жартылай тотану шоғырланады.

Мышьяк. Оның үлкен концентрациясында (0,5% жоғары) латунь созылмалығы жоғалады. Бірақта мышьяк теңіз суы жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектерді жасау кезінде легірлеуші элемент ретінде және латунь үшін үлкен қызығушылық тудырады. Микролегірлеу кезінде (0,025÷0,06%) мышьяк аз мөлшерде латуньді тотанумен шытынаудан сақтайды және теңіз суымен түйісу кезінде мырышсыздалады.

Фосфор қортпа қаттқан кездеаралықты фазаны түзейді, ол қаттылықты жоғарлатады және күрт латунь созылмалығын төмендетеді. Фосфордың шамалы мөлшері латуньге оң әсер етеді, оның механикалық қасиетін жоғарлатады және құйылған металл түйіршігі ұсақталады, бірақта деформацияланған латуньнің қайта кристаллизациялануы кезінде фосфор түйіршіктің өсуімен орындалады. латунь қортылған кезде тотықтырғыш ретінде фосфорды пайдалану ұсынылмайды, сонымен мырыш өте энергетикалық тотықтырғыш ретінде фосфор орнына қолданылады. Латуньнің өндірістік маркаларында фосфор концентрациясы 0,005÷0,01% шектеледі [22].

4.5.5. Латуньді термиялық өңдеу

Латуньді термиялық өңдеудің кең таралған операция – жасыту. Латуньге қатысты гомогенизациялану жасыту қолданылмайды, мысты-кристаллизациялану аралығы үлкен емес мырышты қортпарларда ликвациялық құбылыс шамалы, интерметаллидті фаза сынғышты кристаллизациялықты туынды құрылымда байқалмайды. Сондықтан кесекті қыздыру және келесі ыстықты деформацияланумен іс жүзінде толығымен бірқалыпты емес кристаллизациялану әсерінен жойылады.

Латуньге қатысты жиі қысыммен өңдеу кезінде аралықты операция ретінде қайта кристаллизацияланумен және соңғы жасыту қолданылады, қалыпты беріктік кезінде жоғары созылмалы бұйым жасалады. Қайта кристаллизацияланған латуньнің маңызды құрылымдық сипаты – түйіршік өлшемі. Жасыту кезінде оңтайлы қасиетті алу үшін біртекті түйіршікті өлшемді ұсақ түйіршікті құрылым алынады.

Латуньді жасыту температурасы қайта кристаллизациялану температурасының басында 250÷350°C артық температура таңадалады. Көптеген өндірістік қорпалар маркалары үшін ол 450÷700°C шегінде болады. Құрамы бойынша мыстағы мырыштың максималды еру нүктесіне жақын латунь, жоғары дәлділікті температураны пеште реттеумен және пеш көлемі бойынша оның үлкен бірқалыпты таралуымен жасытылады.

Латуньнен табақ және таспаларды алу кезіндегі жоғары деформациялану дәрежесі таптау текстурасының түзілуіне қатысты ол жұмсартумен жасыту кезінде жасыту текстурасына өтеді. Аннизотропты қасиетті осындай жартылай дайын өнімдерден бұйымдарды штамптау фестонистлілік бойынша ақаулықтың түзілуіне әсер етеді. Осындай ақаулыққа қатысты бейімділік және фестондар биіктігі жартылай өнімді алу технологиясына: өту кезіндегі деформациялану дәрежесі, аралықты және соңғы жасыту температурасы және т.б. қатысты болады. Анықталған, фестондар биіктігі екі соңғы өту кезінде деформациялану дәрежесінің жоғарлауымен өседі, соңғы алдындағы жасыту температурасының төмендеуі және соңғы жасыту температурасының жоғарлауымен; табақты дайындау кезінде деформацияланудың аз дәрежесі кезінде анизотропиялық шыдамдылық аралықты жасыту температуралары төмен болған сайын айқын болады.

Түйіршік өлшемі толығымен қайта кристаллизацияланған латунь құрылымында біртекті болады. Қайта кристаллизацияланумен жасыту тәртібінің бұзылуы кезінде әртүрлі өлшемді түйіршіктің екі тобы түзіледі. Бұл «қосарлы» деп аталатын терең созу, ию не ажарлату және өнімді уландыру кезінде қажет емес құрылым.

Түйіршік өлшемінің көбейуіне байланысты штампталған бұйымның бетінің сапасы нашарлайды, 40 мкм артық өлшем кезінде латунды бұйымдарға тән кедір бұдырлық «апельсинді қабыршақ» пайда болады.

Дұрыс таңдалған өңдеу тәртібі штампталған бұйымдағы осы ақаулықты жоюға мүмкіндік береді. Толығымен қайта кристаллизацияланбаған жартылай дайын өнімді штамптау кезінде өте шағын өлшемді түйіршік «апельсинді қабыршақ» түзілемейді.

Толық емес жасыту 250÷350°C температура аралығында орындалады. Ол латунді бұйымдардың «мерзімді» шытынауы деп аталатындарға қатысты қалдықты кернеуді азайту үшін қолданылады. Тоттанудың бұл түрі құрамындағы Zn 15% артық емес латунге

тәне және кернеу (қалдықты және әсер ететін) бірақытта әсер етуі кезінде кристаллиттер арасындағы жарықша, сонымен бірге ерекше химиялық реагенттер (мысалы, ертінділер және аммика жұбы, ылғалды күкіртті ангрід, әртүрлі аминдер және т.б.) дамиды.

Қалдықты кернеуді азайту үшін жасыту, беріктетумен алынатын механикалық қасиетердің шамалы төмендемеуі үшін қайта кристаллизациялану басындағы төмен температура аралығындағы температурада орындалады. Әдетте аралық 250 және 330°C аралығында болады. Осындай операция біршама қалдықты кернеуді азайтады және юйым көлемі бойынша олар теңестіріледі [22].

4.5.6. Балқытумен және латунмен дәнекерлеу

Латундер жұмсақ дәнекермен дәнекерленеді. Дәнекерлеу алдында қышқылда ажарлау не уландырумен дәнекерленетін бет тазаладанады. Дәнекерлеуіш ретінде құрамындағы Sn~60% қорпалар қолданылады. Мырышпен қатты өзара әрекеттесуіне ұатысты сурьма құрамы 0,25÷0,5% артық емес болу керек. Дәнекерлеу хлоридті флюстер (мысалы, хлорлы аммоний) қолданумен орындалады.

